



ҰШАҚ БИЛЕТІ
ҰША БЕРЕ МЕ?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



НЕДЕН ҰТАМЫЗ,
НЕДЕН ҰТЫЛАМЫЗ?

7-БЕТ | САРАПТАМА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Сұрапыл соғыс жылдарында отандастарымыз қайсарлық пен қаһармандықтың теңдессіз үлгісін танытты. Майданға аттанған жауынгерлеріміздің тең жартысы ұрпақтың болашағы үшін жанын пиде етті. Жеңіске тыл еңбеккерлері де өлшеусіз үлес қосты. Олар ел басына күн туғанда халқымыздың жұдырықтай жұмыла білетінін ерен еңбегімен дәлелдеді. Соғыста опат болған боздақтарымыздың рухына тағзым етіп, ардагерлерімізге лайықты құрмет көрсету – біздің перзенттік борышымыз.

№55
(4488)

Бейсенбі
11 мамыр
2023 жыл



АСТАНА

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



САММИТКЕ ҚАТЫСАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 17-19 мамырда Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен барады.

Мемлекет басшысы Сиань қаласында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізеді. Кездесу барысында екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту, сауда және экономика, инвестиция, көлік-логистика, энергетика салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдету мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ Президент Қытайдың ірі компанияларының басшыларымен кездеседі деп жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия + Қытай» саммитіне қатысады.

АВТОБУСТАРДЫҢ БАҒЫТЫ УАҚЫТША ӨЗГЕРЕДІ

«City Transportation Systems» ЖШС елордада бірнеше автобустың бағыты уақытша өзгергенін хабарлады. Мәңгілік ел даңғылындағы Салтанатты арканың айналасында жол жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты № 15, 15А, 18, 35, 43, 46, 54, 70 автобус бағдарларының қозғалыс сызбасы өзгерген.



АБАТТАНҒАН АУЛАЛАР ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚУАНТТЫ

9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне орай ашылған жаңа аулалар байқоңырлықтарды қуантты. Ш.Уәлиханов көшесіндегі 23-үйдің, С.Сейфуллин көшесіндегі 65-үйдің және Асанқайғы көшесіндегі 2-үйдің жаңа ауласын көруге тұрғындармен бірге қалалық әкімдіктен ресми адамдар келді. Барлық аулаларда балаларға арналған мерекелік іс-шаралар өтті. Байқоңыр ауданы әкімдігі шақырған аниматорлар көңілді ойындар ұйымдастырып, балаларға тәттілер таратты. Ал қуанышқа дастарқан жайған тұрғындар өздері де ән салып, би биледі.

ШАРТТЫ ҚАЙТА ҚАРАЙДЫ

Қалалық әкімдік «Астана тұрақ кеңістігі» ЖШС-мен арадағы ақылы тұрақтар туралы шарттың талаптарын қайта қарайды.

Белгілі болғанындай, бұдан былай серіктестік табысының 25 пайызы қалалық бюджетке бағытталмақ. Бес жыл бұрын жасалған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шарты бойынша тараптар арасындағы табыс былай бөлініп келген: мемлекеттік әріптестік – 5 пайыз,

жекеменшік серіктестікке – 95 пайыз. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында ақылы тұрақтардың жұмыс форматы: соның ішінде орналасатын орындары, жұмыс істейтін уақыттары, тарифі қайта қаралатынын мәлімдеген еді.



«ҰМАЙ»-ҒА ӨТІНІШ БЕРІҢІЗ!

Әйелдерге арналған «Ұмай» ипотекалық бағдарламасына биыл табысы 200 мың теңгеден аспайтын әйелдер де қатыса алады.

Несиелердің 40 пайызы Астана, Алматы, Ақтау және Атырау қалаларынан шамамен 200 үй сатып алуға бөлінеді. Ал несиенің 60 пайызы өңірлерде тұратын әйелдерді қолдау үшін облыстар мен басқа қалалардан тұрғын үй сатып алуға

беріледі. Баспана таңдауда шектеулер жоқ, оны алғашқы және екінші нарықтан, соның ішінде үлестік қатысу шарттары бойынша сатып алуға болады. Сондай-ақ бағдарлама арқылы үй жөндеуге 3,7 млн теңге көлемінде несие беріледі.



БОЗДАҚТАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ – ПЕРЗЕНТТІК БОРЫШЫМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Отан-ана» монументіне гүл шоғын қойып, Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлеріміздің рухына тағзым етті.

Содан кейін президенттік оркестр Мемлекеттік әнұранды орындап, Құрмет қарауылы ротасы іс-шараға қатысушылардың алдынан салтанатты түрде сап түзеп өтті. Мерекелік рәсімнің соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ардагерлермен әңгімелесті. Президент оларды Жеңіс күнімен құттықтап, барша отандасмызға зор денсаулық, амандық тіледі.

Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясына сапары Ұлы Отан соғысы кезінде ірі шайқастар болған Ржев округіндегі тарихи жерлерге барудан басталды. Президент 100-інші және 101-дербес атқыштар бригадасының құрамында соғысқан қазақстандық жауынгерлерге арналған мемориалдық кешенге гүл шоғын қойып, боздақтардың рухына тағзым етті. Мемориал ұзындығы – 27 метр, биіктігі 4 метр болатын гранит қабыр-

ғадан тұрады. Онда «100-інші және 101-дербес атқыштар бригадасының жауынгерлері мәңгі жадымызда сақталады. Сіздерге алғысы шексіз қазақстандықтар атынан» деп жазылған.

Ескерткіш тақтаның оң жағына Қазақстан картасы бар панно орнатылған. Онда 1941 жылы екі бригада жасақталған Алматы және Ақтөбе қалалары, сондай-ақ елордамыз – Астана қаласы белгіленген. Осы бри-

гадалар сапына Қазақстаннан шақырылған 9312 жауынгердің есімі мәрмәр тақталарға қашалып жазылған. Сонымен қатар Мемлекет басшысы қырғызстандық жауынгерлерге арналған мемориалға гүл шоғын қойып, қаза тапқан солдаттарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ржев округі Трубино деревнясындағы бауырластар зиратына гүл шоғын қойды. Мемлекет басшысы Ржев түбіндегі сұрапыл шайқас кезінде қаза тапқан және із-түзсіз жоғалған боздақтардың рухына тағзым етті. Бауырластар зиратында қолында автоматы бар жауынгердің мүсіні орнатылған. Ескерткіштің жанындағы таста «1941-1945 жылдары неміс-фашист басқыншыларынан Ржевті азат ету үшін болған шайқаста қаза тапқан 881-атқыштар дивизиясы мен 331-зенбіректі артиллериялық полктің майданда жауынгерлеріне» деп жазылған.

Бұл жерде 2 мыңнан астам сарбаз жерленген. Олардың қатарында Президенттің ағасы – Қасым Болтаев та бар.

Мемлекет басшысы Тверь



облысына жасаған сапары аясында Ржевтегі совет солдаттарына арналған мемориалға гүл шоғын қойып, Президент құрмет қарауылымен бірге ескерткішке гүл шоғын қойып, қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етті. Биіктігі шамамен 25 метр болатын қолдан құйылған солдат мүсіні он метрлік қорған төбесіне орнатылған. Құрыш қабырғаларда Отан қорғаушы жауынгерлердің есімдері жазылған. Ржев шайқасы – қанды қырғын болған ең сұрапыл соғыстың бірі. Кеңес әскері бұл жерде, із-түзсіз жоғалғандар мен жараланғандарды қоса алғанда, 1,3 миллионнан астам адамынан айырылды.

Президент Жеңістің 78 жылдығына орай Мәскеудегі Қызыл алаңда өткен әскери парадқа барды. Сондай-ақ Белгісіз жауынгер бейітіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты. Парадта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен және Ресей Президенті Владимир Путинмен қатар Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян болды.



ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек 9 мамыр – Жеңіс күніне орай елордадағы соғыс және тыл ардагерлерінің үйіне барып, мерекемен құттықтады.



– 9 мамыр – еліміздің төл тарихындағы қастерлі күн. Бұл – жанын пидан еткен аталарымыз бен әкелеріміздің, әжелеріміз бен аналарымыздың рухына тағзым етіп, алғыс айтатын күн. Майдангерлердің қаһармандығы мен қайсарлығының, тыл еңбеккерлерінің жанкештілігінің арқасында бүгінде бейбіт күнде өмір сүріп жүрміз. Ел басына күн туғанда жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен қаһармандардың рухы алдында бас иіп, тағзым етеміз! Баршаңызға зор денсаулық, амандық және бейбіт өмір тілеймін! Жеңіс күні құтты болсын! – деді әкім.

Қала әкімі қаладағы ҰОС батырларын еске алуға арналған мемориалдарға гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты. Жиында қатысушылар Ұлы Отан соғысы жылдары қаза тапқан қазақстандық жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Сондай-ақ ол мереке қарсаңында бірқатар соғыс ардагерлерінің үйіне барды. Соғыстың соңғы солдаттары – Бірзағұл Байкешев пен Василий Сердюков, Абдурахман Сафаров, Михаил Куликтің хал-жағдайын біліп, құттықтау тілегін жеткізді. Бірзағұл Байкешев Польша, Румыния және Венгрия елдерін азат ету кезіндегі

қанды шайқастарға қатысқан. Соғыстан кейін экспедитор болып еңбек етті. Биыл ол 100 жасқа толады. Василий Сердюков мектепте жүрген жерінен соғысқа аттанып кеткен. Ол Минск, Варшава, Познань және т.б. қалаларды азат етуге қатысты. Соғыстан кейін Василий Антонович теміржол станциясында жұмыс істеді, осы жылдары ол теміржол саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Абдурахман Сафаров осы айда 103 жасқа толады. Смоленск, Калуга, Витебск және басқаларын азат етуге қатысқан. Соғыстан кейін мектепте физика және математика мұғалімі болып жұмыс істеді. Михаил Кулиқ соғыстан кейін Целинтрамстройда еңбек етті. Ақмола – Павлодар теміржолының, әуежайдың, Жастар сарайының, бірінші стадионның, «Турист» қонақ үйінің және т.б. құрылысына қатысты.

– Ардагерлерді Жеңіс күнімен құттықтадым! Олардың ерлігінің, батырлығының, қайсар рухының арқасында бүгінде біз бейбіт аспан астында өмір сүріп келеміз. Ұлы Отан соғысының әрбір ардагері мен қатысушысының маңдайына ауыр тағдыр жазылған. Біздің міндетіміз – оларға қамқорлық жасау және мәңгілік есімізде сақтап, құрмет көрсету. Жеңістің 78 жылдығы құтты болсын! Ардагерлерге, тыл еңбеккерлеріне зор денсаулық пен амандық тілеймін! – деді қала әкімі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин мен Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов Рақымжан Қошқарбаев ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысып, Жеңіс күнін жақындатқан жауынгерлердің рухына тағзым етті.

ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

«Рақымжан Қошқарбаев 1945 жылдың 30 сәуірінде Рейхстагқа шабуыл кезінде ерлік танытты, өзінің әріптесі Григорий Булатовпен өмірін төуекелге тігіп, Рейхстагтың кіреберісіне алғашқы болып Жеңіс туын тікті. Аңызға айналған бұл ерлігін

небәрі 21 жасында жасаған. Оның есімі мен қайтпас қайсарлығы – жас буынға өнеге. «Халық қаһарманы» атағы Р.Қошқарбаевқа 2001 жылы берілді» деп жазды қазақтың батыр ұлы туралы Е.Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.



САЯБАҚТАР ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРІЛЕДІ

Жақында елорданың бірқатар саябақтары мен қоғамдық кеңістіктерін аралаған қала әкімі Жеңіс Қасымбек бұл орындарда ревизия жүргізілетінін айтты.



Оның айтуынша, саябақтарда сынған орындар, құраған ағаштар бар, суару жүйесі барлық жерде дұрыс жұмыс істемейді және тағы басқа кемшіліктер жеткілікті.

– Әріптестеріммен бірге бірқатар саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерді, оның ішінде Көктал елді мекеніндегі саябақты, Орталық саябақты, Қ.Қуанышбаев атындағы музыкалық-драма театрының іргелес аумағын аралап шықтық. Сондай-ақ Ақбұлақ өзенін тазарту бойынша жұмыс жоспары талқыланды. Қаланы көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп жатырмыз. Мәселен, көрікті орындар мен мәдени нысандарға іргелес

аумақтарды да көгалдандырамыз. Алайда мердігерлердің бәрі бірдей жауапкершілігін сезіне бермейді. Музыкалық драма театры жанында қоғамдық кеңістік салып жатырмыз. Қазір ағаш отырғызу жұмысында кемшіліктер бар. Бұл проблеманы жақын арада ретке келтіруді тапсырдым, – деді қала әкімі.

Алдағы уақытта қалада қолданыстағы саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерге көңіл бөлініп қана қоймай, жаңа ауалар мен қоғамдық кеңістіктер, гүлзарлар мен желекжолдар салынады. Бұл елорда тұрғындары мен қонақтарының бос уақытын ашық аспан астында пайдалы өткізуіне септігін тигізеді.



ЗАМАНАУИ ОЙЫН АЛАНДАРЫ АШЫЛДЫ

Елордада Байқоңыр ауданының 3 тұрғын үй кешенінде балаларға арналған заманауи ойын алаңдары ашылды. Осы іс-шараға қатысқан Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бұл жұмыстардың барлығы «Қатысу бюджеті» жобасы аясында жүргізілгенін атап өтті.



Астананың төртінші ауданында ауаларды абаттандыру мен қоғамдық орындарды қалыптастыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Соның бір көрінісі ретінде өткен аптада балалар үшін заманауи ойын алаңдары пайда болды.

– Атап айтар болсақ, С.Сейфуллин 65, Ш.Уәлиханов 23 және Тараз 2/Асан қайғы 2 мекенжайларындағы тұрғын үй кешендерінің ауаларына кеспе тастар төселіп, балалардың ойын алаңдары, воркаут алаңдары ашылды, көше тренажерлары орнатылды, шағын сәулет нысандары жабдықталды. Бұл көшелерде балалар алаңқайынан бастап, абаттандырудың барлық элементтері толықтай жаңартылды. Сонымен қатар тұрғындардың өтініштері бойынша автотұрақ шатырына жөндеу жүргізіліп, төсеніштер төселді, – деді Е.Каналимов.

Аулада балаларының бос уақытын өткізуіне жағдай жасалғанына қатты қуанған тұрғындар әкімдікке алғысын білдірді. Алаңдардың ашылу салтанатына орай спорттық және шығармашылық сайыстар ұйымдастырылды.

ОНЛАЙН ДАУЫС БЕРУ БАСТАЛДЫ

Астанада қоғамдық көліктерге бөлінген жолақтар бойынша автокөлік жүргізушілерінің қарбалас уақыттан тыс және демалыс күндері жүру мүмкіндігі қарастырылуда. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты ақпарат таратты.

Елордада биылғы 30 мамырға дейін жалғасатын осы мәселені шешу бойынша онлайн-дауыс беру басталды. Әкімдіктің сайтында сілтеме бойынша дауыс беруге болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana/vote/6?lang=ru>.

2023 жылдың 22 сәуірінен бастап Пушкин көшесінен Манас көшесіне дейінгі учаскеде Абылай хан даңғылы бойынша қоғамдық көлікке арналған жолақ бойынша шектеулі жүру уақыты өзгертілген болатын. Қоғамдық көліктен

басқа барлық автокөліктерге жұмыс күндері сағат 06.30-дан 20.00-ге дейін арнайы жолақпен жүруге тыйым салынған. Ал сенбі, жексенбі және мереке күндері көліктерге автобус жолағында шектеусіз жүруге рұқсат етіледі.

КӨМІР ҚЫМБАТТАЙ МА?

2023 жылы көмірдің құны орташа есеппен 25%-ға қымбаттауы мүмкін. Бұл туралы Энергетика министрлігінің биылғы 1 маусымнан бастап электр энергиясына шекті тарифті түзету туралы бұйрық жобасында көрсетілді.

Бұйрықтың жобасы Ашық НҚА порталында жарияланды. Қоғамдық талқылау 22 мамырға дейін жалғасады. Бұйрықтың қосымшасында «Боғатыр-Көмір» карьеріндегі көмір құнының 2023 жылғы 1 қаңтардан 30 маусымға

дейін 7%-ға (тоннасы 2 774 теңгеден 2 968 теңгеге дейін), 2023 жылғы 1 шілдеден 31 желтоқсанға дейін 5%-ға (2 968 теңгеден 3 092 теңгеге дейін) өсуі болжануда деп жазылған. Сондай-ақ Қазақстан үшін энергия өндіруші ұй-

ымдарға тауарлы газ құнын 10%-ға арттыру жоспарлануда. Тарифтерді қайта қарау, алдағы күзгі-қысқы кезеңге отын және дайындық үшін ұйымдардың шығындарының өсуімен байланысты болып отыр.

Астана қаласында Есіл және Ақбұлақ өзендерін биологиялық ремедиациялау (оңалту) қанатқақты жобасы іске қосылды. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының бастамасымен суға 2 мың литрге жуық хлорелла суспензиясы төгілді.

ЕСІЛ МЕН АҚБҰЛАҚТЫ ТАЗАРТАДЫ

Іс-шараға Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Астана қаласы әкімдігінің, Экология департаментінің, Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясының, «Қазсушар» РМҚ, «Бұқтырма уылдырық шашу-өсу шаруашылығы» ЖШС өкілдері, студенттер мен еріктілер қатысты. Жобаның мақсаты – су қоймасының экожүйесін қалпына келтіру және биологиялық мелиорация әдісімен антропогендік жүктемені азайту. Бұл әдіс қоспытқыш қондырғыда өсірілген «хлорелла» бір жасушалы жасыл балдырлардың штамдарын қолдануды қамтиды.

Суспензия – балдырларға арналған қоректік орта. Ол қанық жасыл түске

және судың физикалық қасиеттеріне ие. Оны өсіру үшін планктон штамдары қолданылады. Су қоймаларын улы заттардан тазартуда және балдырлармен эвтрофикациялауда балдырлар суспензиясын қолдану әдісі су қоймасына концентрацияланған суспензияны енгізуден тұрады. Нәтижесінде тазарту және оңалту кезінде су қоймасының экологиялық жағдайы келесі көрсеткіштер бойынша жақсарады деп жоспарланған: су айдынының физика-химиялық көрсеткіштерін жақсарту, суда еріген оттегінің концентрациясының жоғарылауы, су қоймасының гидробиологиялық көрсеткіштерін жақсарту, зоопланктон мен зообентос саны мен биомассасының өсуі, ихтиофаунаның көбеюі.



САМОКАТ АЙДАУҒА КУӘЛІК ТАЛАП ЕТІЛЕДІ

Елімізде электр самокатпен жүруге жүргізуші куәлігі талап етілмек. Бұл заң жобасы әлі де қаралып жатыр. Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов Мәжілісте электр самокатпен жолда жүру тәртібі туралы айтты.

Кеше Мәжілістің жалпы отырысында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды. Құжат аясында электр самокаттармен жолда жүру тәртібі реттеледі.

– Құжат депутаттардың ұсынысы бойынша енгізілді. Заң жобасы аясында самокатпен жолда жүру тәртібі реттелмек. Мәселен, жолдың оң жақ шеткі бөлігінде 18 жасқа толған, жүргізуші куәлігі бар, сондай-ақ басына тиісті шлем киген адамдарға жүруге рұқсат берілмек, – деді Марат Ахметжанов. Министрдің сөзінше, жаяу жүргіншілер жолағында самокатпен жүруге рұқсат берілуді.

Мәжіліс депутаты Екатерина

Смышляеваның айтуынша, электр самокаттардың жолдармен және тротуарлармен жүруі жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге қауіп тіндіреді. «Жобаға сәйкес электр самокаттар көлік құралы ретінде танылады, сондай-ақ жүру жылдамдығы сағатына 25 километрге дейінгі көлік құралдары электр самокат санатына жатады. Электр самокаттар велосипед жолдары мен жол жиектерінде шектеусіз жүре алады. Тротуарларда сағатына 6 километрден аспайтын жылдамдықпен жүруге рұқсат етіледі. Бұл тәсіл көліктің жаңа түрін пайдаланатындар мен жаяу жүргіншілер үшін ең қолайлы шешім» деді депутат. Оның пайымынша, тротуардағы жылдамдықты шектеу – жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.





МАЙДАНГЕРЛЕРДІ ЕСКЕ АЛДЫ

Елордада Екінші дүниежүзілік соғыста қайтыс болған жауынгерлердің қабіріне «Даңқ гирляндары» мен гүл себеттерін қою рәсімі болды.

– 9 мамыр – жанқиярлықпен ел қорғаған аталарымыз бен әкелеріміздің, әжелеріміз бен аналарымыздың рухына тағзым ететін күн, осыдан 78 жыл бұрын қанды майдан аяқталып, жеңіс туралы жаңалық келген күн. Елдің азаттығы мен ұрпақтың жарқын болашағы

үшін жанын пида еткен боздақтарымызды мәңгі есімізде сақтау – қасиетті борышымыз, – деді Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары Медет Жалпыбаев.

Іс-шарада тыл еңбеккерлері мен ауған соғысының ардагерлері гүл шоқтарын қойып,

қаза болғандарды еске алды.

«Шейх Кунта қажы» мешітінің имамы Данияр Байдуллаев құран оқып, Орыс православ шіркеуінің діни қызметкері, архимандрит Иоасаф алғыс сөзін, құттықтауын айтып, денсаулық, бейбітшілік пен жақсылық тіледі.

ЕРЛІК ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

Бейбітшілік және келісім сарайында Жеңіс күніне арналған «Ерлік жайлы естеліктер» атты мерекелік концерт-спектакль өтті.



Мерекелік концертке Халық қаһармандары – Бақытжан Ертаев пен Айдын Айымбетов және Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов және басқалар қатысты.

Бейбітшілік және келісім сарайында өткен концертте елге белгілі әншілер Роза Рымбаева, Жеңіс Ысқақова, Медет

Салықов пен Клара Төленбаева, Айгүл Қосанова және басқалар патриоттық рухтағы әндерді шырқап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Концерт сұрапыл соғыс жылдарындағы ержүрек жауынгерлердің ерлігі мен тылдағы қарапайым еңбек адамдарының тағдырын сипаттады. Іс-шара барысында ардагерлерге құрмет көрсету, тарихқа тағзым ету, бейбітшілікті сақтау сияқты құндылықтар дәріптелді.

– Маған концерт ерекше ұнады. Қойылым да, актерлердің өнері де, режиссура да көңілімнен шықты. Батырларымыздың есімі аталған әндердің шырқалғаны керемет бір әсер берді. Қазақстан майдан даласына аттанған әрбір батырының ерлігін құрметтейді, – деді қала тұрғыны Диас Темірханов.

Мерекелік іс-шара барысында майдан әндерімен қатар, театрландырылған қойылымдар қойылды.

КОНЦЕРТ КӨҢІЛ КӨТЕРДІ

Елордадағы Есіл жағалауы амфитеатрында үш сағат бойы Жеңіс күні мерекесінің құрметіне ұйымдастырылған «Отанға қызмет – ұлы құрмет» концерті өтті. Қаланың шығармашылық ұжымдары астаналықтарды ҰОС-тың 78 жылдығымен құттықтап, өз өнерін ортаға салды.

Іс-шара аясында «Сарыарқа» халық музыкасы ансамблі, «Наз» мемлекеттік би театры, Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның үрлемелі оркестрі, «Терра» би театры, сол сияқты республикалық және халықаралық вокалдық байқаулардың өзге де жеңімпаздары өнер көрсетті.

– Астана қаласының Мәдениет басқармасы әкімдіктің өзге ведомстволық бағынысты кәсіпорындарымен бірлесіп 9 мамыр – Жеңіс

күніне арналған концерт өткізді. Концерт бірінші кезекте Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлеріне арналған. Концертке Астана қаласының тұрғындары мен қонақтарын шақырдық. Мұнда отандық композиторлардың әндері мен соғыс жылдарындағы туындылар орындалды. Сонымен қатар М.Горький атындағы орыс драма театрының ұжымы көрермендерге театр қойылымын ұсынды, – деді Астана қаласы Мәдениет басқармасы басшысының

орынбасары Нұран Қамзин. Аталмыш басқарма өкілдері ардагерлерге, елорда тұрғындары мен қала қонақтарына арнап мереке ұйымдастырды. Концертке жүздеген көрермен қатысты.

«Бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Мұны өскелең ұрпақ білуі керек. Бұл жеңісті ешқашан ұмытпауымыз қажет. Сондықтан бүгін немерелерімді концертке алып келдім. Жеңіс күні құтты болсын!» деді концертке қатысушы Гүлзада Есенова.



БАТЫРЛАР ТУРАЛЫ ФОТОКӨРМЕ

Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейінде «Ұлы Жеңіс батырлары және Қасым» атты фотокөрме ашылды.

9 мамыр қарсаңында музейде мұрағат суреттері мен Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақстандық батырлар туралы ақпарат ұсынылған арнайы стенд ұйымдастырылды.

Фотокөрменің басты мақсаты – ерлігімен ел қорғаны бола білген батырлар мен қазақтың қайсар партизаны Қасым Қайсеновтің ерлігін келешек ұрпаққа насихаттау.

Көрмеге келушілер қазақтан шыққан жалғыз әйел-ұшқыш Хиуаз Доспанованың, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш Тайғат Бигелдиновтің, қаһарман қазақ қыздары, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, Рейхстагқа жеңіс туын тіккен батыр, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев және тәуелсіз Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтің



тарихымен және еңбектерімен жақынырақ таныса алады. Сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның ең алғашқы Халық қаһарманы Қасым Қайсенов және Екінші

дүниежүзілік соғыс батырлары жайлы фотосуреттер көрме бұрышына қойылған.

Фотокөрме 11 мамырға дейін жалғасады.



ЖЕЛАЯҚТАР ЖАРЫСЫ

Триатлон саябағында Жеңіс күніне арналған жеңіл атлетикадан эстафета өтті. Оған 700-ге жуық жалпы білім беретін мектеп оқушылары мен орта және жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

Мерекелік шараның ашылуына Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев, қалалық спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясының басшысы Бахтияр Масанов арнайы келді.

– Жеңіс күніне арналған дәстүрлі эстафетаға мыңға жуық спортшы қатысты. Әр оқу орны 6 ер, 4 қыздан команда

жасақтады. Олар эстафеталық таяқша арқылы 2200 метрге жүгірді. Мақсат – жастарды спортқа баулып, салауатты өмір салтын насихаттау, – деді қалалық Спорт басқармасының басшысы.

Жарыстың бас төрешісі, халықаралық дәрежедегі төреші Дәулет Хамзин жарыстың өту тәртібімен таныстырды. Одан кейін қатысушылар 10 кезеңнен

тұратын 2200 метр қашықтықты бағындыруға күш салды.

Мектеп оқушылары арасында №22 мектеп-гимназиясы топ жарды. Ал II орын №32 мектеп-гимназиясының еншісінде, үздік үштік қатарынан №27 мектеп-лицейі көрінді.

Кәсіптік орта оқу орындары арасында мәреге бірінші Астана халықаралық университеті педагогика колледжінің сту-

денттері жетті. Жоғары көлік және коммуникация колледжі II орынға тұрақтаса, Astana IT студенттері III орын алды.

Жоғары оқу орындары арасында Астана халықаралық университетінің (АІУ) студенттері жеңіс тұғырынан көрінді. Бұл сында II орын Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетіне бұйырса, Астана медицина университетінің студенттері III орынды місе тұтты.

Жарыста жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар медальдармен, командалық кубоктармен және дипломдармен марапатталды.



Бірде-бір аурухана немесе дәрігер медбикесіз жұмыс істей алмайды. Дәрігердің нұсқаулығын орындап, науқастың бар жағдайын жасауда олардың атқаратын жұмысы орасан зор және ол асқан жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан емдеу тиімділігі 20 пайыз дәрігер жазып берген ем-шараға байланысты болса, қалған 80 пайызы медбикенің соны қалай орындауына қарай шешіледі. Ертең, яғни 12 мамыр – Халықаралық медбикелер күні. Бұл мереке бүкіл әлемде 1965 жылдан бері тойланып келеді.

Инсультке әдетте өмір сүру салты дұрыс емес адамдар жиі шалдығады, яғни дұрыс тамақтанбау, спортпен айналыспау, темекі шегу, арақ ішу, әсіресе, ең бастысы, стресс, қан қысымы бойынша дұрыс емделмеу, дәрісін уақытылы ішпеу – ауруға әкелетін факторлар.

– Осындай ауыр науқастармен жұмыс істейтін үздік медбикелеріміздің қатарында – Салтанат Бекболатованы атап өткім келеді. Ол мұнда 2011 жылы колледж бітірген бойда келген. Жауапкершілігі өте жоғары медбике, жұмысқа шыққан күні 24 сағат бойына тыным таппай жүре береді. Сондай-ақ Гүлсім Дүйсенованың да еңбегі зор. Жалпы медбикелеріміздің бәрі де еңбекқор, төзімді. Еңбек өтілі ең көбі – 35 жыл болса, ең азы – 5 жылдық жұмыс тәжірибесі бар медбикелер. Олар келгенде жалпы медициналық білімі ғана болады, ал осы салаға өзміз бейімдеп, үйретіп аламыз. Айына бір рет сабақ өткіземіз. Күн сайын

біріншісі – инсулинге тәуелді және инсулинге тәуелсіз. Инсулинге тәуелсіз түрі бойынша науқастар үнемі дәрі ішіп жүрсе, тәуелді түріне шалдыққандар өмір бойы тамақ ішер алдында саусақтары арқылы қанына инсулин салумен өтеді. Осы ретте бөлімшеге қарасты Диабет мектебінің қызметі науқастарға инсулинді қалай дұрыс салу керектігін, жалпы қандай ас мәзірін қолдануды үйретуде өте маңызды. Бөлімшеге түскен науқастардың бәрі осы мектепте медбикелерден 5 күндей сабақ алады. Осындай науқастарға бөлімшедегі 25 адам қызмет көрсетсе, соның алтауы – дәрігерлер, 10 қызметкер – медбикелер және тағы 10 адам – санитарлар.

– Біздің міндетіміз – келген науқасты жылы қабақпен қарсы алып, жоғары сапалы медициналық көмек көрсету. Көбіне олар дертті болғанын білген кезде күйзеліске түсіп, ашушаң болып кетеді. Мұндай науқастар арнайы диетпен жүретін болғасын жиі

КӨГАЛДАНДЫРУ ҚАРҚЫНДЫ

Астанада «Халық қатысатын бюджет» жобасы нәтижелі жүзеге асырылып жатыр. Оның аясында Алматы ауданында биыл барлығы 9 000-нан астам ағаш және 12 500 көпжылдық және сәндік-гүлді бұталар отырғызу жоспарлануда. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Алматы ауданы әкімінің санитарлық тазалау, көгалдандыру, абаттандыру мәселелері жөніндегі орынбасары Мұхамедияр Қожекенов баяндады.

Азаматтардың бастамалары мен ұсыныстарын ескере отырып, аудан аумағын дамытуға және абаттандыруға бағытталған «Халық қатысатын бюджет» жобасы Алматы ауданында 2021 жылдан бастап іске асырылып келеді. Үлгілік ұсыныстар аудан аппаратының ресми интернет-ресурсында орналастырылады. Сол жерде электрондық түрде дауыс беру арқылы жобалық ұсыныстар арасында жеңімпаздарды анықтау арқылы жүзеге асырылады.

– Бүгінгі таңда Алматы ауданы бойынша 190 000-нан астам ағаш, 21 000 шаршы метр жерге гүлзар, 50 865 қоса метр жерге жасыл қорғандар, 41 365 дана бұта, 3 400 000 шаршы метр жерге көгалдар отырғызылған. Бұл жұмыстарға барлығы 200-ден астам жұмысшы және 40 бірлік мамандандырылған техника жұмылдырылды. 2022 жылы шарт шеңберінде 8 000 данадан астам ағаш, 21 000 шаршы метр жерге гүл отырғызу, 23 200 шаршы метр жерге көгал егу жұмыстары жүргізілді. Қызмет көрсетуші ұйымдармен бірлесіп 6 аулаға 90 дана ағаш отырғызылды және оларды күту, бұталарды кесу, тарау, шабу, жерді қопсыту, арамшөптерден арылтып, азықтандыру, химиялық өңдеу және жасыл желектерді суару жұмыстары үнемі жүргізіледі, – деді Мұхамедияр Қожекенов.

Сондай-ақ аудан бойынша барлығы 9 000-нан астам ағаш және 12 500 көпжылдық және сәндік-гүлді бұталар отырғызу жоспарлануда. Бағдарлама аясында жергілікті-суару жүйесін абаттандыру және жөндеу жұмыстары да жалғастырылатын болады.

– Көктемгі экологиялық айлық аясында Президент саябағының, 70 мектеп-лицейдің, Индустриалды парктің, Есіл өзенінің жағасындағы саябақтың аумағында 2 091 дана ағаш отырғызылды. Қызмет көрсетуші ұйымдармен бірлесіп 12 аулаға ағаш отырғызу көзделуде. Алматы ауданында 2022 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 55 жоба ұсынылып, оның 23-і мақұлданды. Жөндеу жұмыстарының арасында ауларда 12 ойын және спорт алаңдары пайда болды, шағын архитектуралық нысандар, 3 футбол алаңы, энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдармен 505 жаңа жарықтандыру тіректері орнатылып, 1 417 ағаш отырғызылды, – деді аудан әкімінің орынбасары.

20 қаңтардан 1 наурызға дейін Алматы ауданы әкімдігінің сайтында «Халық қатысатын бюджет» бөлімінде өтінімдер қабылданды. 2 наурыздан 5 сәуірге дейін сараптама комиссиясы келіп түскен жобаларға талдау жасады. Бүгінгі таңда дауыс беру кезеңі өтуде. Ұсынылған 74 жобаның 72-сі іріктелді. Бұл ретте тұрғындар тарапынан келіп түскен 65 жоба аула аумағын абаттандырып, шұңқырларды жөндеуді және шағын сәулеттік формалар тұрғызуды ұсынса, қалған 7 жоба бойынша келесі кезеңге табыс, өздеріне асырылады.

МЕРЕКЕҢМЕН, МЕДБИКЕ!

Райхан РАХМЕТОВА

наның аға медбикесі Раушан Әбдірахманова.

ЕҢ АУЫРЫ – ИНСУЛЬТ АЛҒАНДАРДЫ ҚАРАУ

Медбикелердің жанкешті еңбегін көрсетуімізді сұраған аға медбике бізді соларға қарай өзі бастап аларды. Алдымен инсульт алып, сал болып қалған науқастарды емдейтін 4-қабаттағы бөлімшеге бас сұқтық. 30 орындық бөлімшенің екі палатасында ең ауыр науқастар жатады екен. Айналасындағының бәрін көргенімен, денесінде жан жоқ, төсекте сүлөсоқ жатқан ауыр жағдайдағы сырқаттар инсульт алғаннан кейін ақыл-есін де жоғалтып алады. Бірінің бір жақ қапталының қол-аяғы істемей, жансызданып қалған болса, көбі өздігінен тұрып, қимылдай алмайды. Тіпті тілі құрметіліп, сөйлеуден де қалғандар бар. Сондықтан оларға жөргектегі баланы қарағандай күтім жасалады. Күн сайын уақытылы дәрісін беруден бастап, тамағын ішкізу, жуындыру, ұйып қалған денесіне массаж жасау, әр 2 сағат сайын әрі-бері ауыстырып жатқызу, тіпті төсекте жатқанда бүлдірген дәретін де тазалау – медбикелер мен санитарлардың міндетіне жатады. Себебі инсульт алған бұл науқастар соның бәрін өздері жасай алмайды.

– Біздің бөлімшеде осы жұмыстың бәрін 13 медбике атқарады. Оларға нұсқаулық беріп, науқастарды күн сайын 9 невролог дәрігер қарайды. Өте ауыр жағдайдағы науқастар келеді. Олардың бірқатарына тамағын биендермен уақтап, зонд арқылы беруге тура келеді. Система арқылы дәрумендер мен дәрілері ішіне жіберіледі. Көбіне ондай науқастар әрқайсысы бөлек екі палатада жатады, 6 адамдық сондай палаталарға күн сайын бір медбике мен бір санитардан бөлініп қызмет көрсетеді. Жұмыс қандай ауыр болса да, бізде кадр тұрақсыздығы жоқ. Медбикелер жұмысын жанын салып істейді. Науқастарға өз туыстарындай қарайды. Мұнда сырқаттар 15 күндей жатып емделеді, тәуір болғасын оңалту бөліміне ауыстырылады, – дейді аталған ин-



сульт бөлімшесінің меңгерушісі Айгүл Қайсарбекова.

Меңгерушінің айтуынша, бөлімшенің 30 төсек орны ешқашан бос тұрмайды, үнемі сырқаттарға толы. Мамандар, негізінен, Алматы ауданы тұрғындарына қызмет көрсеткенімен, қазір «теміржолшылар» ауруханасында КТ аппарат істемей тұрғандықтан, Сарыарқа ауданының халқын да қарай береді.

– Қазір инсультке шалдығушылар саны тек Қазақстанда ғана емес, әлемде көбейіп барады. Бұрын әлемде жылына 9 млн-ға жуық адам инсульт алғанын білгенімен, қазір бұл сандар өсіп келеді. Біздің бөлімшеде жыл сайын 1000-нан аса адам емделеді. Оның үстіне қазір инсульт алушылар жасарып бара жатқаны да қауіп тудырады. Тіпті қаладағы барлық 4 инсульт орталығы да ұлғы науқастардан босамайды. Әлемдік статистика бойынша инсульт алған науқастардың 40 пайызы осы дерттен көз жұмады, тек 10 пайызы ғана еңбек етуге жарамды болып, қызметіне оралады. Қалғандары мүгедектер қатарына қосылады. Мұнда келген науқастар сырт адамның күтім көрсетуіне зәру болғандықтан, медбикелердің де жұмысы соған қарай күрделене түседі. Осы ретте орта және кіші персоналдың жұмысы үлкен жауапкершіліктен тұрады, – дейді А.Қайсарбекова.


таңертең лездеме жиналыста да бәрін түсіндіреміз, – дейді бөлімшенің аға медбикесі Ақлима Молдабекова.

ҚАНТ ДИАБЕТИНЕН ҚАЛАЙ ЕМДЕЙДІ?

Бұдан кейінгі барған ауыр науқастар қаралатын эндокринология бөлімшесі – қала бойынша қант диабетіне шалдыққан ересек адамдар емделетін жалғыз емдеу орны екен.

– Бұрын бөлімшеде 50 орын болған, соңғы екі жылда ауру саны азаймаса да, орын саны 32-ге қысқартылды. Қазір коронавирус пандемиясынан кейін қант диабеті ауруы әсіресе жастар арасында көбейе түсті. Бүгінгі таңда бөлімшеде 50 шақты науқас жатыр. Мұнда қант диабетімен қатар қантсыз диабет деген түрі де, сондай-ақ ұйқы, қалқанша безі, бүйрек аурулары да емделеді. Бір жылда бізден 2400-ге жуық адам, айына 150-ден астам адам емделіп шығады. Соның 70 пайызы – диабетпен ауыратындар. Бұл ауруға біріншіден, ұйқы безі қызметінің бұзылуы, екіншіден, семіздік себеп болады. Жалпы салауатты өмір салтын сақтамаудың салдарынан аурулар саны артып отыр, яғни түнімен ұйықтамау, ұйқының ауысуы, зиянды тамақтарды көп жеу, энергетиктер ішу дұрыс емес, – дейді бөлімше меңгерушісі Жанар Ұбайдоллақызы.

Мамандардың айтуынша, қант диабетінің екі түрі бар:





ҰШАҚ БИЛЕТІ НЕГЕ ҰША БЕРЕДІ?

Бұрын «Fly Arystan балалар билетін 50% қымбатқа сатқан», «Рейстері себепсіз сағаттап кешіретін компания», «Қызмет көрсету деңгейі адам төзгісіз», «Жолаушылардың билеттері мен жүктері алатын ақшасы удай қымбат» деген сөздерді жиі-жиі естіп жүретін едім. Астанадан Түркістанға ұшқанда ашқарақ Arystan-ның қарапайым жолаушылардың «терісін тірідей сыпыратын» жалмауыздығына өзім де куә болдым. Түсінікті болуы үшін, бәрін рет-ретімен баяндайын.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

АШҚАРАҚ КОМПАНИЯ ТӘБЕТІН КІМ ТЫЯДЫ?

Адамның жүйкесін жұқарту үшін ашылған әуе компаниясы тіркеу рәсімінің өзін әдейі қиындатып қойған. Әуелі билет алған жолаушылар кезекке тұрады. Кезегің жеткенде компания қызметкері «бізде тіркелу рәсімі онлайн жүргізіледі» деп онлайн тіркелетін жерге жөн сілтейді. Ол жерде әуелі билеттің тіркейсің, сосын жүгіңді... Өзім ұйқым қанбай, рейске үлгермей қаламын ба деп алаңдап тұрғанымызда жүгіміздің салмағы 26 келі тартты! «Е, жарайды. Әрі кетсе бір 10-15 мың теңге төлейтін шығармын» деп қалтамдағы смартфонды іздей бергенім сол-ақ еді тіркеп тұрған қыз: «26 келіге 57 200 теңге төлейсіз» деп бақырайып тұр. Жалмауыздықтың да, мешкейліктің де шегі болмаушы ма еді?! Бағаждың 1 келісіне 2200 теңге ақы алады екен, Fly Arystan! Аңқа адамның қалтасын қағу – нағыз озбырлық қой!

Естеріңізде болса, құрылған кезде Fly Arystan-ның билеттері 7 мың теңгеден сатылған. «Міне, тамаша! Билеттері қолжетімді әуе компаниясы құрылды. Енді пойызға мінбей, ұшақпен ұшамыз!» десіп жолаушылар бөркін аспанға атқан. Алайда көп ұзамай лоукостердің билеттері қымбаттады. Қазір 10 мың теңгеге билет жоқ. 4-5 күн бұрын алғанның өзінде Астанадан Түркістанға дейін 1 адамға билет құны 25-30 мың теңгеден. Бұл – әйгілі Эйр Астана деген әуе алпауытының еншілес компаниясы. Бизнес-моделі «білмегеннен ақша қағу» принципіне негізделгені әу баста байқалмайды. Ақшанды тек орын үшін төлейсің. Бірақ бір әрекетімен жаңылысқан жолаушыдан бір билет құнынан бірнеше есе көп ақша алады. Бортта бір жұтым қара суға да ақы сұрайды. Ашқарақ Arystan-ның мұндай тәбетін кім тыяды?

БИЛЕТ БАҒАСЫ ҚАЛАЙ БЕЛГІЛЕНЕДІ?

Биыл ақпан айында ұшақ билеттерінің бағасы 21,5 пайызға дейін қымбаттады. Бұл – 2021 жылғы маусым айынан кейінгі ең жоғары көтерілген баға. Сонда бұған не себеп болып отыр? Мәселенің мәнісін құзыретті ведомствонның өкілдері түсіндіріп беруге тырысты. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің орынбасары Алмаз Ыдырысов ұшақ билеттерінің бағасы көптеген факторларға байланысты белгіленетінін айтады. «Ең алдымен, ұшақ билетінің құнына 32 пайыз әуе керосинінің бағасы мен тапшылығы әсер етеді. Былтыр еліміздегі мұнай

өңдейтін зауыттар 684 мың тонна әуе керосинін өндірді, ал жанармайдың сұраныс көрсеткіші 806 мың тоннаға жетті. Яғни, Қазақстан 158 мың тонна әуе керосинін шетелден сатып алуға мәжбүр болып отыр. Эксплуатациялық шығындар мен әуе кемелерінің лизингі – 18 пайыз, әуежай қызметтері – 13 пайыз, жалақы төлеуге жұмсалатын шығындар 6 пайыз билет бағасын белгілеуге ықпал етеді» дейді А.Ыдырысов. Оның айтуынша, әуе кемелерін сатып алу немесе жалға алу, қосалқы бөлшектерін сатып алу сияқты әуе компаниясының шығындарының 80 пайызға жуығы шетел валютасы арқылы іске асырылады. Ал әуе компаниялары өз табысының 80 пайызын теңгемен табады, сол себептен олар өз шығындарын жабу үшін билет құнын қалағанынша қымбаттатады.

Азаматтық авиация комитетінің төрағасы Талғат Ластаев жыл сайын шешімін таппай келе жатқан әуе керосині тапшылығы саланың дамуына кедергі келтіріп отырғанын айтады. «Жанармайдың тапшылығы мен құнының қымбаттауын тоқтату – қиын мәселенің бірі. Біздің әуе компаниялары, негізінен, керосинді Ресейден сатып алады. Ол жақта құны өте қымбат. Ұшақ билеттерінің қымбат болуы да осыдан. Тығырықтан шығатын жолдың бірі – өндіріс көлемін ұлғайту. Ол үшін зауыттардың инфрақұрылымын ауыстыру керек. Бұған көп қаражат пен уақыт жұмсалады. Үкімет әлі оның шешімін таба алар емес» дейді ол.

Қазақстанда ұшақ билетін белгілеуді мемлекет реттемейді. Сол себептен баға да тез құбылып тұрады. Мысалға, 2023 жылы қаңтар айында еліміздің екі аймағында (Батыс Қазақстан облысында – 67 пайыз, Абай облысында – 57,3 пайыз) бағалар күрт қымбаттады. Бұл Кәсіпкерлік кодекстің баптарын бұзатын әрекет болғандықтан, Бәсекелестікті қорғау агенттігі мен Бас көлік прокуратурасы бағаны шарықтатқан Air Astana әуе компаниясына қатысты бірлескен тексеру жүргізді. Алайда бұл тексерудің қорытындылары сотқа жіберілгендіктен, әлі нақты айыппұл төлейтіні немесе төлемейтіні белгісіз. Бір белгілі болғаны, құзырлы екі мемлекеттік мекеме билеттердің бағасын негізсіз өсіруге тосқауыл қоятын нормативтік-құқықтық актілер дайындауда. Оның қандай боларын, билет бағасын реттеуге қаншалықты тиімді боларын уақыт көрсетер.

ҚАЙ ЖАҚҚА ҰШҚАН АРЗАН НЕМЕСЕ ҚЫМБАТ?

Қазір арзан билет сатып алу екі адамның бірінің қолынан келеді. Алайда бағалар жылдам өзгеріп тұратындықтан, әрі ширақтық, әрі тапқырлық керек. Мысалы, бағаларды салыстырып

көрейік. Астана-Алматы бағытына ұшаққа билет аламын десеңіз, төрт әуе компаниясының бірін таңдай аласыз: Air Astana, Fly Arystan, SCAT және Qazaq Air. Егер Сіз Air Astana-мен ұшамын десеңіз, мысалы, 7 мамырдың түнінде сағат 03.15-те мінсеңіз, 41 837 теңгеге билет аласыз, ал күндізгі уақыттағы билет құны 46 837 теңгеге шығады. SCAT-пен ұшамын десеңіз, таңертеңгілік сағат 08.30-да мінсеңіз, 39 743 теңгеге билет аласыз. Күндізгі уақытты Fly Arystan-мен ұшсаңыз, 42 146 теңгенің билетін аласыз. Qazaq Air-дің ұшақтарының күндізгі бағасы бұл бағытқа – 42 563 теңге. Астанадан Атырауға билет бағасы Air Astana-ға алсаңыз 103 337 теңге тұрады. Ал Air Astana-дан Астана-Ыстамбұл бағытына ұшамын десеңіз, 116 079 теңге төлейсіз. Осы бағытта SCAT – 136 089 теңгеге, Fly Arystan 151 481 теңгеге апарды. Air Astana-ның бизнес кластағы орындарды арнайы жеңілдікпен сататын дәстүрі бар. Мәселен, 7 мамырға дейін халықаралық бағыттар бойынша (ішкі рейстерге жеңілдік жоқ) әлемнің 20 қаласына бағасы тиімді билеттерді алдын ала сатып алуыңызға болады. Астана мен Алматыдан – Ташкентке ұшамын десеңіз, 150 000 теңгеге барып-қайтуыңызға болады. Түркияның Анталья мен Бодрум қалаларына 500 000 теңгеге билет сатып ала аласыз. Астанадан Делиге дейін 327 000 теңгеге билет табуға болады. Алайда мұндай жолаушыны қызықтыратын дәстүр өте сирек.

ЖӘРДЕМАҚША БЕРУ МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕ МЕ?

Айтыла-айтыла ауыз шаршаған, жазыла-жазыла жауыр болған бұл мәселені қалай шешуге болады? Саусағымызды бүгін, санамалап шығайық. Біріншіден, отандық әуе компаниялары нарық жағдайында бір-бірімен қатаң бәсекелестікте әрекет етуде. Екіншіден, әуе компаниялары жанармайды нарық баға белгілеген Үкімет әуе керосинінің бағасына шектеу қоя алмайды. Үшіншіден, әркез құбылып тұратын теңгенің бағамы – әуе тасымалдарынан мол табыс табуға мүмкіндік бермейді дейді әуе компанияларының өкілдері. Лизингке алынған әуе кемелерінің құны, қосалқы бөлшектерінің бағасы және техникалық қызмет көрсету шетел ақшасымен іске асырылады. Бұл жерде мәселені шешудің екі жолы бар сияқты. Бірінші жолы – ұшаққа мінетін халықтың төлем қабілетін көтеру. Ол үшін инфляцияны төмендетсек, азық-түлік пен тұрмыстық қызмет көрсету бағаларын түсірсек, жұрттың әлеуметтік ахуалы жақсарады. Екінші жолы – ішкі нарықта қызмет көрсететін барлық әуе компанияларына жәрдемақша беру. Мұндай тәжірибе Ресей мен Қытайда бар. Үкіметтен жәрдемақша алған әуе компаниялары қызмет көрсету сапасын жақсартады, билет құнын арзандатады. Өз кезегінде бұл жолаушылар ағынын молайтуға апарды. Әрине, егер құзырлы мемлекеттік органдар жай сөзбен емес, нақты іспен билеттерге қатысты ахуалды өзгерткісі келмесе, «баяғы жартас» сол күйінде тұра береді.

10 СОТЫҚ ЖЕР: АҢЫЗ БА, АҚИҚАТ ПА?

Заң бойынша жеке тұрғын үй құрылысына 10 сотық жердің тегін берілуі: аңыз ба, әлде шындық па? Бұл сұрақты әрбір қазақстандық, мегаполистің немесе ауылдың, облыс немесе аудан орталығының әрбір азаматы қояды. Мұның бәрі жер қатынастары саласындағы тиімсіз саясаттың, авантюристер мен популисттердің және жер қатынастары саласындағы жағдайды осындай күйге жеткізген мемлекеттік басқарудағы айқын сыбайлас жемқорлардың ойластырылмаған қадамдарының арқасында осылай болып отыр.

Жеке тұрғын үй құрылысына берілетін 10 сотық жер мәселе осыны растап отыр! Бүкіл ел бойынша кезекте тұрғандардың тізімінде 3 миллионнан астам адам тұрады және бүкіл ел бойынша кезекте тұрғандар саны әлі де көбейетін болады. Проблемаға мән бермеу және оны жылдар бойы шешпеу оңай нәрсе, аз да болса алға қадамдар жасау қиынырақ, осылайша адамдардың сенімін, шенеуніктердің жер реформасына деген осындай көзқарасы бұзған халықтың сенімін біртіндеп қалпына келтіру керек.

Біз жағдайдан шығуымыз керек, халық бізге қарап отыр, халық нақты реформалар, нақты өзгерістер, елде нақты қайта құрулар болғанын қалайды. Жер кодексінің 44-1-бабының 8-тармағына сәйкес, Жеке тұрғын үй құрылысына берілетін 10 сотық жер арнайы есепке алу (кезек) арқылы беріледі және алаңдардың дайын болуына қарай не бос аумақтар бар болған кезде қанағаттандырылады. Ал инженерлік алаңдар сумен және электрмен жабдықтау желілерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Осыған байланысты, Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде, жер құқығы саласындағы сарапшы ретінде, «Жер аманаты» Республикалық Жер комиссиясы басшысының орынбасары ретінде мыналарды ұсынамын:

Біріншіден, біз ЖТҚ жоспарланатын аумақта су және электрмен жабдықтау желілерінің құрылысын қаржыландыруға балама енгізуіміз керек және мұны бюджеттен тыс қорлар есебінен, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін іске қосу, жеке инвесторларды тарту жолымен жасауды ұсынамын. Ал жеке инвесторларды тартуды ынталандыру үшін инвесторларға электр энергиясын беру және берілетін электр энергиясының тарифтерін реттеу құқығын беру мүмкіндігін көздеу қажет.

Үкіметтік деңгейде ЖТҚ-ны қаржыландыру мен салудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу перспективаларын пысықтауды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің арнайы борыштық міндеттемелерін шығару шарттарында сумен және электрмен жабдықтау желілерін қаржыландыру және салу үшін екінші деңгейдегі коммерциялық банктерді, коммерциялық құрылыс салушыларды тартуды ұсынамын. Екіншіден, біз қаржылық себеп-

терге байланысты жерді уақтылы игере алмайтын және тұрғын үй іргетасын салу фактісі болған кезде жалдау шартын ұзартудың заңды мүмкіндігімен 3 жылдан 5 жылға дейін жеке тұрғын үй учаскесін игеру мерзімін ұзарта алмайтын қарапайым азаматтарды қолдауымыз керек.

Үшіншіден, біз жергілікті атқарушы органның лауазымды адамдарын бекітілген Бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына тиісті түзетулермен ЖТҚ үшін елді мекеннің бос аумақтарын резервке қоюды және оған немқұрайлы қарағаны үшін заңды жауаптылықты қатаңдатуды заңнамалық тұрғыдан міндеттеуіміз керек.

Төртіншіден, ауылдық елді мекендерде өтеусіз негізде жеке қосалқы шаруашылыққа жер учаскелерін беру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін ауылдық елді мекендерде өтеусіз негізде ЖҚШ (үй-жай учаскелері) жүргізу үшін жер учаскелерін беру кезектілігін (арнайы есепке алуды) енгізуді және кезексіз ЖҚШ жер учаскесін беруге тыйым салуды белгілеуді ұсынамын.

Бесіншіден, жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертудің қолжетімді мүмкіндігі бар жеке тұрғын үй құрылысы үшін дайындалған және құрылыс параметрлері бойынша тиісті бау-бақша және саяжай кооперативтерін аудандарға ауыстыруды қамтамасыз ету үшін қалалардың Бас жоспарларын түзетіп, бюджеттік қаржыландыра отырып кезек-кезектен іс-шаралар әзірлеу.

Алтыншыдан, төмен пайыздық мөлшерлеменен, кредитті икемді өтеудің 10 жылдық мерзімінен және кредит шартын ұзарту мүмкіндігімен жеке тұрғын үй салу үшін екінші деңгейдегі банктерде әлеуметтік бағдарланған кредит бағдарламасын әзірлеуді ұсынамын. Осы мақсаттар үшін арнайы кредиттік қаржы институтын құрудың маңыздылығы зор болар еді.

Жетінші, Бас прокуратура ЖТҚ-ға жер учаскесін алу кезегін жүргізу бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің тізімін Алматы, Шымкент және Астана қалалары алып тасталған қисынсыз жағдайдың мән-жайын анықтауға тиіс. Прокурорлар мен Жер ресурстарын басқару комитетінен осы қалаларда ЖТҚ-ға жер учаскелерін әртүрлі сылтаулармен кезексіз берудің көптеген фактілерін түсіндірулерін талап етеміз.

Бақытжан БАЗАРБЕК,
Мәжіліс депутаты



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ**ЕЛ НЕГЕ
АЛАҢДАУЛЫ?**

Газеттің өткен жылы №97 (4375) нөмірінде «Қытайдың қуаты һәм мұраты» атты сараптама мақалада ресми Пекиннің ішкі және сыртқы саясаттағы ұстанымын жан-жақты талдап, экономикалық тұрғыда дамуының себеп-салдарын сараладық. Сонда Африка елдеріне жүргізген экономикалық экспансиясы туралы деректерді келтірдік.

2000 жылы Қытай – Африка ынтымақтастығы форумы аясында екіжақты әріптестік қарым-қатынас орнап, 2019 жылға дейін Қытай Африканың 54 елінің 52-сіне инвестиция салады.

Қытай мен Африканың солтүстігіндегі елдердің орташа қашықтығы – 7-8 мың шақырым. Ал Қытай мен Қазақстан арасындағы шекараның ұзындығы 1,8 шақырымды құраса, екі елдің арасындағы арақашықтық – жүз қадам.

Екінші жағы, Қытайда жер бетіндегі адамның 20 пайызы өмір сүреді. Мәселен, Чунцинде – 30,7 миллион, Шанхайда – 23,4 миллион, Пекинде 21,8 миллион тұрғыны бар. Яғни бір ғана мегаполисіндегі халық Қазақстаннан екі есе көп.

**Тұрсынхан
ЗӘКЕНҰЛЫ,
ҚЫТАЙТАНУШЫ:**

– Сөзсіз, кез келген мәселеге екі қырынан қарау маңызды. Әлемде туризм саласын дамыту арқылы бюджетіне қыруар қаржы түсіріп отырған елдер көп. Біздің билік осы тұрғыдан қарастырып отырғаны анық. Негізгі туристік турға 15 күн жеткілікті емес пе?! Қытайдан турист ретінде келгендер қайда барады, нені көреді? Осының нақты жауабы бар ма? Сосын оларға қызмет көрсететін орталықтардың инфрақұрылымы өз деңгейінде ме? Қытай тілін меңгерген гид-экскурсоводтар бар ма? Әлде олар өздерімен гидті әкеле ме? Олай болса, Балқаш көліне дейінгі жерлер біздікі деп насихаттап жүрсе қайтесіз? Міне, осы жағын пысықтап алу керек.

Әрине, біздің азаматтар Қытайға барып, қалып қоймайтыны белгілі. Ал қытайлықтар біздің елде қалуың түрлі жолын тапса не істейміз? Осы жағын күмәнді. Екінші жағы, қытайлықтар Қазақстанды транзит етіп, өзге елдерге кетуді мақсат етуі әбден мүмкін. *Үшіншіден, Қазақстанның құқық қорғау саласы – Шекара, Ішкі істер, Ұлттық қауіпсіздік қызметі қаншалықты дайын? Мәселен, Өзбекстанда туристік турмен келген қытайлықтарды шекарадан кіргеннен арнайы маршрутпен жүруін қадағалап, уақыты келгенде ел аумағынан шығарып жібереді.*

Әлеуметтік желіде ұлап-ұлап жатқан белсенділер осындай ойды алға тартады. Әрине, бұл – орынды пайым, дұрыс пікір. Оны ешкім жоққа шығара алмайды.

**ҚЫТАЙМЕН ҚАТЫНАС
НЕ ҮШІН КЕРЕК?**

Жаһандық өлшеммен сараласақ, Қытай – үлкен нарық, импорт алғауыты. 2022 жылдың қыркүйек айында Қазақстанның астық өндірушілері Қытай нарығын ашпақ болмайды, бізге нарық керек деп дабыл қаққаны есімізде. Сарапшылар арасында екі ел арасындағы барыс-келіс қатынастың әлсіреуі экономикалық белсенділікке әсер еткенін дәйектеді. Бейресми деректер бойынша 2015-2018 жылы Қазақстанда орын алған террористік ак-



ВИЗАСЫЗ РЕЖИМ: НЕДЕН ҰТАМЫЗ, НЕДЕН ҰТЫЛАМЫЗ?

Қазақстан – Қытай арасындағы визасыз режим шартын әлеуметтік желі белсенділері қызу талқылауда. Бірі – қытайланатын болдық деп дабыл қақса, екіншілері – экономика тұрғысында ұтатын болдық деп сүйіншілеуде. Әрине, бұған біржақты пікір білдіріп, уақыттан озуға өсте болмайды. Сарапшылардың пікірін сұрап, визасыз қарым-қатынастың мән-маңызы туралы білдік.

тілердің салдарынан Қытай бізді террористік қауіп жоғары мемлекет қатарына қосып, қазақстандықтарға виза беру тәртібін барынша қиындатса, кәсіпкерлер үшін жасанды кедергілер қойды. Сөйтіп, бизнес сапарлар ұйымдастырып, өндірушілердің базасына баруы қиындады. Делдалдар оңтайлы сәтті пайдаланып, араға түсіп, соның салдарынан кәсіпкерлер шығынға батты. Бұл бағаның көтерілуіне әсер етті.

Бүгінде Қытаймен бизнес және сауда бағытында әріптестік орнатуға ынталы елдер көп. Себебі әлемде орта тап өкілдері жөнінде қытайлықтар көш бастайды. Жыл сайын ғылыми-инновациялық бағытта бір миллионнан аса өнертабыс патенттеліп, түрлі саланың креативті дамуына әсер етуде. Міне, біздің іскер азаматтар осы бағытта тәжірибе алмасуға қызығады.

Қытайдың қуатын алыс-жақын шетелдерге инвестиция құюынан көруге болады. 2021 жылы АҚШ-тағы AidData халықаралық зерттеу орталығы Қытай инвестиция салған шетелдегі ірі-ірі жобаларды талдады. 2000-2017 жылы «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасын жүзеге асыру үшін ресми Пекин 165 елге 385 миллиард доллар жасырын қарыз беріпті. Зерттеу авторы Қытайға Қазақстанның қарызы жалпы ішкі өнімнің 10 пайыз құрайтынын келтіреді. Қазақстан Ұлттық банкінің мәліметінше, 2021 жылдың 1 қыркүйегінде шығыстағы көрші Қазақстанға тартылған инвестиция көлемі бойынша Нидерланды, АҚШ, Швейцариядан кейінгі төртінші орында (21,3 миллиард доллар) тұр.

2022 жылдың 1 маусымында Қазақстанда 28,1 мың шетел компаниясы жұмыс істесе, оның 27,4 мыңы – шағын, 346-сы – орта, 265-і – ірі кәсіпорын.

Ресей, Түркия және Қытай компанияларының ел нарығында үлесі басым. Әсіресе, қытайлық компаниялардың көмірсутек шикізатын игеруге деген қызығушылығы жоғары екені белгілі. 1997 жылы алғаш CNPC компаниясы келіп, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ мұнайды бірлесіп игеруге туралы келісімге келген-ді. Содан бері CNPC қазақстандық компаниялардың

2022 ЖЫЛДЫҢ 1 МАУСЫМЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА 28,1 МЫҢ ШЕТЕЛ КОМПАНИЯСЫ ЖҰМЫС ІСТЕСЕ, ОНЫҢ 27,4 МЫҢЫ – ШАҒЫН, 346-СЫ – ОРТА, 265-І – ІРІ КӘСІПОРЫН. РЕСЕЙ, ТҮРКИЯ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ЕЛ НАРЫҒЫНДА ҮЛЕСІ БАСЫМ

акциясын бірінен кейін бірін сатып алуда. Бүгінде «Петро-Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Сазанқұрақ» ЖШС, «Адай Петролеум компани» ЖШС, «Прикаспиан Петролеум компани» ЖШС, «Сағыз Петролеум компани» ЖШС, «Урал Ойл и Газ» ЖШС және тағы басқа компаниялардың акциясына толық немесе жартылай иелік етеді.

Біздің билік CNPC инвестиция құйған компания жұмысшысының 98 пайызы қазақтар екенін алға тартады. Қазақстанның заңнамасына сәйкес, кез келген компания шетелден жұмыс күшін тарту үшін арнайы квота шегінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен жергілікті әкімдіктен рұқсат алуы керек. Енді қаржылық тұрғыдан қарастыратын болсақ, қытайлық азаматтар үшін арнайы бағдарламамен қосымша қаржыландыру қаралмаса, біздің жұмыс орындары тартымды дей алмаймыз. Өйткені Қытайдағы күнкөріс деңгейі жоғары және

екі елдің валюта арасындағы айырмашылығы 1/60 құрайды. Ендеше қытайлықтарға біздің азаматтарға қарағанда 6 есе жоғары жалақы төлеу керек. Бұл кез келген компанияға экономикалық және қаржылық тұрғыдан өте тиімсіз. Сол себепті Қазақстан нарығына кіргеніне ширек ғасырдан асқан CNPC-ға тек басшылық құрамын ғана өкеледі.

Қазақстанның климаттық жағдайына ұқсас Шыңжаң аймағына Қытай билігі инвестиция құйып, халқы тығыз қоныстанған ішкі өңірлерден көш бағыттағанмен, халқы қоныс аударуға ықыласты болмай тұр. Ал визасыз режим енгізілген елдегі еңбек нарығын жаулап алады деген шындыққа қаншалықты жақын?

Бір нәрсе анық, ол – әлеуметті алаңдататыны визасыз жүйе емес, біздің қоғамда жемқорлық дендеп енгендіктен, Қытайдың бай-бағандары құнарлы жерлерді жең ұшынан жалғасып, жалғап ала ма деген күмән басым.

**ВИЗАСЫЗ ЖҮЙЕНІҢ
КЕРЕГІ НЕДЕ?**

Шыны керек, шегенделген шекараны жауып тастай алмаймыз. Шикізат экспорттаушы ел ретінде көршілермен барыс-келіс тоқтаса, нарықта тауарлар жетіспеушілігі орын алып, ұлы дүрбелең болуы әбден

мүмкін. Қайбір жылы пандемия алқымнан алған кезде амалсыз шекара жауып, тіпті әр облыс, әр аудан, әр ауыл өз-өзімен қалып, дүкендегі сөрелер бос қалып, азық-түлік тапшылығы сезілді. Үкімет пен жергілікті әкімдер нарықтың бағасын құрықтауға дәрменсіздік танытып, базардағы баға бірнеше есеге қымбаттап кетті. Өйткені ішкі нарықты азық-түлікпен толық қамтамасыз ете алмаймыз. Мұны мойындау керек. Олай болса, біз алыс-жақын шет елдермен қатынасты шектей алмаймыз.

Қазақстан әлемдегі 196 елмен емін-еркін қарым-қатынас орнатса, оның 57-сінің азаматтары біздің елге визасыз келіп-кетеді. Бұл қатарда, Түркия, АҚШ, Канада, Мексика, Чили, Аустралия, Англия, Аустрия, Бельгия, Болгария, Дания, Германия, Грекия, Италия, Испания, Нидерланд, Польша, Португалия, Норвегия, Франция, Швейцария, Швеция, Хорватия, Румыния, Чехия, Жапония, Корея, Кувейт, Қатар, Біріккен Араб Әмірлігі, Индонезия, Таиланд және тағы басқа алыс-жақын шет елдің азаматтары туристік саяхат жасауға мүмкіндігі бар. Бұған енді Қытай қосылды.

**Үнзила
ШАПАҚҚЫЗЫ,
Мәжіліс депутаты,
заңгер:**

«Халықаралық тәжірибеде мемлекеттер арасында визасыз режим кең қолданылады. Мәселен, Қытай әлемнің 33 елімен визасыз қатынас орнатса, АҚШ-қа 39 елдің азаматы еркін келе алады. Интеграцияланған Еуропа елдері визасыз қарым-қатынасты құптайды. Испания азаматтары – 145 елге, Франциялықтар – 146, Германиялықтар 188 елге визасыз кіруге құқылы. Қазақстанға визасыз режим арқылы шетел азаматтары да келе алады. Алайда әр елмен

келісім әртүрлі. Кейбір елдер аэропорттан түскенге дейін рұқсат берсе, кейбір елдің адамы бірнеше жылға дейін тұрақтай алады. Мәселен, Албания, Коста-Рика, Молдова, Моңғолия, Ресей, Украина, Колумбияның азаматтары Қазақстанда 90 күн тұруға рұқсаты бар. Түркия мен Арменияның азаматтары – 180 күнге, Грузияның азаматтары 365 күнге дейін визасыз жүре алады. Келген шетелдік азаматтарды тіркеп, кейін елден кеткені Үкімет бекіткен қағидамен бақыланады. Бұған Үкіметтің 2012 жылғы 21 қаңтардағы №148 Қаулысы негіз болады. Сондай-ақ Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1265 бұйрығында Қазақстан аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық виза алуға өтінішхатты беру қағидасы көрсетілді. Әрине, Қытай – алып ел. Оның экономикалық пайдасын да жоққа шығара алмаймыз. Бастысы, келген әрбір адамды қатаң бақылау керек».

**КЕЛІСІМДЕ НЕ
КӨРСЕТІЛГЕН?**

Естеріңізде болса, Үкіметтің 2022 жылғы 7 шілдедегі №464 қаулысына сәйкес қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру, іскерлік байланыстарды арттыру және елдің туристік әлеуетін одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстан, Үндістан, Иран және Қытай азаматтары үшін біржақты тәртіппен 14 күнге визасыз режимін ашты.

«Ашық НҚА» порталында Қазақстан мен Қытай Халық Үкіметтерінің арасындағы визалық талаптардан өзара босату туралы келісімге қол қою туралы қаулы жобасы жарияланып, онда қазақстандықтар Қытайда, ал қытайлықтар Қазақстанда туризм, емделу, халықаралық тасымалдар, транзит, сондай-ақ іскерлік мақсатпен баруға болатыны көрсетілді.

Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров: «Визасыз режим тек туристік және іскерлік сапарларға ғана арналады, жұмыс істеуге құқық бермейді» деп атап өтті. Егер осы елдердің бірінің азаматтары екінші тарап мемлекетінің аумағында көзделген мерзімнен ұзағырақ қалуға иет білдірсе, онда олар мемлекет аумағына кіргенге дейін тиісті визаға жүгінуге тиіс екен.

«Жүк көлігін жүргізушілері визасыз қатынасы біраз мәселені шешеді. Екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі ұлғайып, өңіраралық ынтымақтастық нығаяды. Қазақстан – Орталық Азияда Қытаймен визасыз режим орнатқан жалғыз мемлекет. Мұны біз дипломатиялық жеңіс деп есептейміз» деді Айбек Смадияров.

Әлемдік экономиканың драйвері саналатын Қытаймен тығыз қарым-қатынас орнату өте маңызды. Алайда екі ел арасындағы визасыз режимді Қытайда тұратын қандастар қолдана ала ма? Ғалым Тұрсынхан Зәкенұлы осыған алаңдаушылық білдіріп: – Қытай үкіметі өз пайдасын ешкімге ұстатпайды. Келісім бойынша екі тараптың азаматтары тең қолданатынын көрсеткенмен, ондағы қандастар мұндай мүмкіндік бермеуі мүмкін. Біздің Үкімет осы жағын пысықтап қойса жақсы болар еді, – деді.

P.S: Жаһанданған заманда оқишауланатын отыра алмайтынымыз хақ. Не көшке ілесіп, озық қоғам құрамыз, не шекараны тарс жауып, өз қазанымызда өзіміз қайнап, өркеніеттің бағыт-бағдарынан жаңыламыз. Әркімге құшақ жайып жүріп жұмылып кетудің қаупі бар екенін де ұмытпауымыз керек. Қазақстан – Қытай қарым-қатынасы туралы айтқанда ойымызға ең бірінші осы келеді.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

МЕН ҚАНДАЙ ӘКЕМІН НЕМЕСЕ ӘКЕЛЕР ОДАҒЫНА ҚАЛАЙ КЕЛДІМ?

– Балалар кеше ғана өмірге келген секілді еді, уақыт жылдам екен, олардың әңгімесін жуырда тыңдап, ой-көзқарасына көз салсам, едәуір өсіп, ержетіп қалған. Арман-мақсаты бар, әр нәрсеге өз көзқарасы қалыптасқан. Содан араластың дос-жарандардан сұрастырсақ, шынында да, олар да дәл біз сияқты балалары күні бойы немен айналысады, кіммен дос болып жүр, қандай мәселелер қызықтырады дегенді мүлдем білмейді екен.

Педагогтар ата-аналар жиналысына барғанда бізден бала туралы басқа ақпараттарды сұрай бастады, ұстаздардың сұрауымен, қадағалауымен мен де балаларым туралы білмекке талпынып, олар қызығатын дүниелерді зерттей бастадым. Мен үшін бұл, шынында да, жаңалық болды. Қазақ-түрік лицейінде өзгерген балам кейін жоғары оқу орнын, әрі қарай магистратура оқығанда мүлде басқа адамға, өмірге өзінің көзқарасы, жеке пікірі бар тұлғаға айналды. Бұған мектептегі, білім орындарындағы ұстаздардың, тәрбиешілердің жақсы ықпалы болғанына куә болдым, көп нәрсеге көз жеткізіп, бала тәрбиесіне қатысты олар қызыққан тақырыптарды зерттей бастадым. Қазіргі заманғы технологияға қарап отырсақ, цифрландыру өмірімізге әбден денден енді, адамның ой-өрісі, экономикасы өзгерді, басқа заман келді, жаһандану кезеңінде әсіресе бала тәрбиесіне жете көңіл бөліп, қарамасақ, кейін кеш қалатынымыз айдан анық болды. Сондықтан да осыдан 11 жыл бұрын Астана қаласындағы №59 мектепте ата-аналар жиналысында бір ата-ананың идеясымен Әкелер одағын құру туралы, «неге ата-аналар жиналысына әкелер келмейді, неге бала тәрбиесіне қатысты әкелер белсенді емес?» деген мәселе көтерілді.

Бірлестік құрылтайшысы Қуаныш Жұматаев есімді азамат болды. Ол бірде баласы оқитын мектептегі ата-аналар жиналысына келгендердің басым көпшілігі аналар екенін көреді. Содан өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі әкелердің қатысы мен рөлінің қандай екенін ойлайды. Осылайша мектептің тыныс-тіршілігіне, жиналысына белсенді атсалыса бастаған қоғам белсендісі білім мекемесінде Әкелер кеңесін құру бастамасын өз қолына алады. Қуаныш Жұматаев осы Әкелер одағын құрып, осы істің басы-қасында болды. Өкінішке қарай, ол өмірден ерте озып, дүние салды, бірақ

Әкелер одағы республика көлемінде көптеген жақсы істерге ұйытқы болып, жақсы іс-шаралар өткізіп жүр. Бұл кеңес 2011-2012 жылдары әскери-патриоттық клуб ашады. Әкелер мен балалардың қатысуымен шахмат пен футболдан жарыстар, әртүрлі бағыттағы шығармашылық байқаулар және т. б. іс-шаралар өткізеді. Сонымен қатар ер-азаматтар балалармен бірге ағаш егіп, «Әкелер аллеясын» құрады.

2012 жылы Қуаныш Жұматаев «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігін тіркейді. Кейін еліміздің әр өңірінен Әкелер одағының құрылуына атсалысып, аймақтардағы әріптестермен байланыста болады. Осылайша бұл бірлестік республикалық әкелер қозғалысына айналады.

Бұл – менің қосымша жұмысым. Қазіргі кезде зайыбым екеміз екі бала тәрбиелеп отырмыз. Ата-аналар жиналысына барған уақытта кей мәселелерді әйел ата-аналармен шеше алмадық. «Ұл өсіріп отырған әке ретінде неге біз де қатыспаймыз?» деген ой туды. Содан Әкелер одағы ұйымы барын білдім, – деді ол.

2020 жылы елордалық одақ республикалық одақ ретінде 9 өңірде филиалын ашып, жүзден астам белсенді әкелер шындап жұмыс істей бастады. Бала тәрбиесіне бейжай қарамайтын белсенді әкелер ата-аналар жиналысына қатысып, педагогтармен, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен және қызыретті министрліктермен, әкімдіктермен бірлесіп отырып, балалардың мәселесін қозғап, балалар арасындағы келіспеушіліктерді шешудің оңтайлы жолын іздестіріп, бала тәрбиесіне белсене араласуда. Қазір мектептерде Әкелер кеңесі жұмыс істеп жатыр.

БАСТЫ МАҚСАТ – ӘКЕЛЕР ИНСТИТУТЫН ДАМУЫ

«Әке – асқар тау» дейміз, бірақ Әкелер одағының жұмысы елде толық емес отбасы көбейіп, олар барлық отбасының үштен бірін құраған кезде, 18 млрд теңге алимент әкелер тарапынан төленбей, баласын «көкек-аналар» көшеге тастап жатқан қиын шақта оңай болмай тұрғанын мойындауымыз қажет.

«Дәстүрлі отбасы институтын нығайту, балаларды бірлесіп отырып тәрбиелеу, олардың құқығын қорғау, саналы әке болуды насихаттау, өзекті мәселелерді қозғау, бала тәрбиесіне қатысты күн тәртібіндегі істерді жаңа сағат ұмтылып отырмыз. Қазақстанда мыңдаған қоғамдық ұйым бар, 90 пайыздан астамы – әйелдер үлесінде. Белсенді әкелердің ұйымы қоғамдық ұйым ретінде қолынан келгенше бала тәрбиесіне барынша

атсалысып жатыр. Әкелер одағында көпбалалы, жас, жалғызбасты, ерекше балалардың әкелері, бала асырап алған әкелер бар. Елімізде 150 мыңнан астам ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасы бар екенін білеміз. Ендеше әкелермен жұмысты жандандыру қажет, керек кеңестерді беру, құқығын қорғау, бала тәрбиесіне белсене араласу – басты мақсатымыз. Қаламыздағы білім-инновация мектебінде ата-аналармен жұмыс жақсы жолға қойылған, сондықтан сол мектеп базасында Әкелер одағын құрып, белсенді жұмыс істей бастадық. «Әкелер апталығын» ұйымдастыр-



Ата-аналар жиналысында бір ата-ананың идеясымен Әкелер одағын құру туралы, «неге ата-аналар жиналысына әкелер келмейді, неге бала тәрбиесіне қатысты әкелер белсенді емес?» деген мәселе көтерілді

ды. Әртүрлі бағдарлама ұйымдастырып, оған түрлі сала қызметкерлерін, қоғам қайраткерлерін, психологтарды, педагогтарды шақырып, түрлі пікірталас, іс-шара ұйымдастырдық. Пандемия кезінде де осындай игілікті істерді тынбай жалғастырып, әкелер институтын насихаттап отырдық. «Парасатты әке» байқауын ұйымдастырып, баланың әке туралы, әкенің бала туралы қызықты ессе жазып, олардың бір-біріне бұрынғыдан да жақындығына әсер етті деп айта аламын. «Әкелер апталығының» мектептерде өткеніне, әсіресе, әйел мұғалімдер, ата-аналар, әкелер қатты қуанғанын, бастамамыздың нәтижелі екенін көрдік, сезіндік. Насихат жұмысының арқасында кейбір мектепте ата-аналар жиналысына 30 пайыздан астам әкелер келе бастады, бала тәрбиесінде ілгерілеу байқалды, әкелер бала тәрбиесінде белсенді бола бастады. Шынында да, оларға ерекше ықылас, көңіл бөлу

жетпейтіні түсіндік. Мысалы, мен іссапармен шетелде жиі боламын, байқағаным, онда әкелерге арналған журналдар, кітаптар, әкелерге арналған кеңес беру орталықтары, тағы басқа қажетті дүниелер жетерлік екен. Тағы бір байқағаным, бізде әкелерге, ерлерге арналған арнайы кітаптар, керек кеңестер жазылған журналдар жоқтың қасы. Әкенің балаға, баланың әкеге арналған кітаптары да мүлдем аз екен.

Сосын мектепке әкелер келгенде бірден мәселе көтермей, әке мен баланы жақындатуға арналған түрлі ойын, іс-шара өткізу керек деп ойлаймын. Кейбір мектепте қазір волейбол ойындары, тағы басқа спорт іс-шарасы тұрақты өткізіле бастады. Бейресми форматтағы кездесу үйде тығылып отырмай, әдеттегідей, ұрысып-жеки бермей, таза ауада денені шынықтыра отырып, әрі баламен етене байланысудың, араласудың, сырласудың бір жолы екенін өмірдің өзі дәлелдеді. Астана қаласында әсіресе мен жиі баратын қыздардың білім-инновация лицейінде осындай іс-шара жиі жүргізіліп тұрады».

ӘКЕЛЕР ФОРУМЫ НЕ БЕРЕДІ?

– Міне, биыл VII әкелер форумын өткіздік, ол «Отбасы – ұлт тірегі» деп аталды. Басында, әрине, одақты бала тәрбиесіне қатысты ашқан болатынбыз, бірақ қоғамда әкелерге, ерлерге қатысты проблема бастаған асады, әртүрлі статустығы әкелердің түрлі-түрлі проблемасы бар, оны одақ арқылы шешуге талпынып жатырмыз, – дейді Мақсұтбек Айтмағанбет.

Оның айтуынша, қазіргі кезде бала тәрбиелеп отырған жағдайдағы әкелерге психологиялық көмек қажет. Мәселе шаш етектен, оны шешудің жолдары да оңай емес, бірақ ынта-ықылас бар болса, әкелерді қолдау мақсатында барлық мәселені шешуге тырысамыз. Дегенмен қоғамда әкелерге қатысты өзекті шаруа өте көп, шынында да, оларға қатысты әкелерге арналған бағдарлама, арнайы саясат, мамандар қажет екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Себебі Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған мәліметтерге сүйенсек, ер адамдардың орташа жасы – 67-68 жас.

P.S:

Шынында да, бала тәрбиесіне қатысты кейінге ысыратын, одан өзекті мәселе қазақ отбасында болмауы тиіс. Қамшымен қорқытып, белдікпен сабайтын, тентек пен теліні қара күшпен сабасына түсіретін заман келмеске кетті. Мүлде біз ойламаған, құндылықтары өзгерген қайырымсыз қоғам өмірімізге енді. Жаңа заманның ағымына сай икемделуіміз керек. Баламен бірге оқыңыз, баламен бірге армандаңыз, баламен бірге проблеманы шешіңіз – сонда ғана бәсеке толы қазіргі заманғы қиындықтарды бала еркін еңсере алатынын ұмытпауымыз қажет. Әке баласына шын мейірімін төгіп, қиын кезде жанынан табылған кезеңде ғана оған арқа сүйер, жанашыр болмақ, бар мұң-мұқтажын бірлесіп шешпек. Жақсылыққа – жақсылық, мейірімге – мейірім болары, ұрпақ сабақтастығы, отбасы бақыты жалғасары сөзсіз. Бұл іске қоғам болып атсалысу өте қажет. Өйткені дұрыс тәрбие алған бала қоғамға пайдасын тигізетін азамат болып өседі.

ЖЕТКІНШЕК ЖАЛТАҚ БОЛМАСЫН ДЕСЕК...

Бұрынғы кезде әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы дүние де, мал да емес, жақсы тәрбиесі болатын. Ал әке мектебінен өткен бала сол мұраға қиянат жасамауға тырысып, аманат ретінде қабылдайтын. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшесінің тірегі, қамқоршысы ғана емес, ер адамның бағдаршамы. Әке балаға жолдас әрі сырлас болу керек. Өйткені әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. «Бала тәрбиесімен тек педагогтар ғана айналыспауы тиіс, бұл – ата-ананың, әсіресе әкенің зор міндеті» дейді «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мақсұтбек АЙТМАҒАНБЕТ.

Адам өмірінде екі маңызды таңдаудан шатаспауы керек. Біріншісі – өмірлік жарын таңдау, ал екіншісі – мамандық таңдау. Мамандық таңдау – 16-17 жасқа келгенде алдыңнан шығатын ең өзекті мәселе. Сенің бұл таңдауың алдағы өміріңе, біліміңе және тұлға ретінде дамуыңа үлкен әсерін тигізеді.

ТҮЛЕКТЕР НЕГЕ МАМАНДЫҚ ТАҢДАЙ АЛМАЙДЫ?



Кейбір балалар кішкентай кезінен бастап белгілі бір салаға бейім болады немесе қызығады. Біреу ата-анасының не аға-әпкесінің жолын қуаса, үшінші біреу өз жолын таңдайды. Бірақ өкінішке қарай, өзінің болашақта кім болатынын елестете алмайтын да балалар бар. 11-сыныпқа келгенде «Өрі қарай не істеймін? Қайда барамын?» деп тығырыққа тіреліп, мамандық таңдау қиындық туғызатын түлектер де аз емес. Сонымен, неге жасөспірімдер мамандық таңдай алмайды?

Ең бірінші себеп – баланың ештеңеге қызықпауы. Қазіргі балалар «менің қызығушылықтарым жоқ» деп ойламайды. Өйткені компьютер мен смартфон қолында, достары жанында. Шын мәнінде, басқа не керек? Ал өсе келе, мектеп бітіргеннен кейін алдында үлкен таңдау тұрғанын білген кезде не істерін білмейді. Себебі ешқандай ғылымға икемі жоқ. Көп уақытын телефонда өткізетін бала не ойлайды десеңіз, ол «мен программист бола аламын» деген ойға келеді. Дегенмен смартфондағы жүйе мен үлкен цифрлық жүйелерді құрастыру салыстыруға келмейді. Соңғы жылдары IT саласын таңдап жатқан жастар өте көп. Бұл жаһандану үдерісі әкелген гаджеттердің әсері деп ойлаймын.

Екінші себеп – өзінің бойындағы жақсы дағдыларын білмеу. Негізі, зерттеулерге сенсек, адамдардың көбі санала түрде өзінің қай салаға икемі бар екенін есей келе түсінеді. Ал кейбіреулері бойындағы дарынның жастайынан байқауы мүмкін. Көп жағдайда адамға өзін танып-білу үшін біраз уақыт кетеді. Жиі кездесетін тағы бір жағдай бар, бозбала немесе бойжеткен бойынан бір өнер байқаса да, оған мән бермейді. Айналадағы адамдардың барлығы олай істей алады, онымен ешкімді таңғалдыра алмаймын деп ойлайды. Бұл – қате түсінік. Өмірде әр адамның таланты мен қабілетіне байланысты «1 пайыз талант, 99 пайыз еңбек» деген сөз жиі айтылады. Яғни адамның бойында қандай деңгейдегі өнер, талант болсын, оны шыңдау керек.

Үшінші себеп – шешім қабылдаудан қорқу. Барлығымыз бала кезімізден ата-анамыздың қамқорлығына үйреніп қаламыз. Бала үшін маңызды шешімнің барлығын ата-анасы қабылдайтын кездер көп. Өміріміздегі үлкен таңдау болғаннан кейін, бұл таңдаудың салмағы жанымызға батуы да мүмкін. «Мамандықтан шатасуға болмайды» деген сөздер де қорқыныш ұялататын шығар, бәлкім. Көбі «қателесем, екінші мүмкіндік болмайды» деп ойлайды. Өзіңің өмірлік жолыңды, сүйікті мамандығыңды таңдау, мақсат-мұратыңды тану ешқашан кеш емес. Тіпті ересектердің өз жұмыс тараптарын кезеңіне, шешім қабылдай алмай қорқуы мүмкін.

Жоғарыда айтылған үш маңызды себеппен танысып шықтқ. Осыған қатысты өз ойымызды білдіріп кетейік. Ең алдымен қателесуден қорықпау қажет. Өмір мектебінде көптеген қиындық кездеседі, шешімі қиын мәселелерге тап болып немесе қиын таңдаудың үстінде тұруы мүмкін. Ал бұлардың бәрі – тәжірибе. Бойындағы талантыңды ұштап, қабілетіңді анықтап, сол білетінде жұмыс жаса. Қолыңды бірден сілтей салма. Екіншіден, өзің таңдаған мамандығыңа қатысты қызықты кітаптар оқы және подкасттар тыңда. Мектеп бағдарламасы қызықтырмаса да, негізгі білімді алып шыққан соң, өз бетіңмен ізден және сауатты болуға ұмтыл. Мысалы, өзін әр салада жетістіктерге жеткен мықты мамандардың озық тәжірибесін смартфоннан көргенді ұнатамын. Өзіме қызықты мамандыққа қатысты ақпараттарды іздеймін. Яғни адам бір деңгейде қалып қоймай, үнемі ізденіс, даму үстінде болуы керек. Көзің ашық, көкірегің ояу болсын. Тұлға ретінде дамуды тоқтатпа және ұлы Абай айтқандай:

Сен де бір кірпіш
дүнееге,
Кетігін тап та,
бар қалан!

Ақерке ЗӨРҰБАЙ,
Астана қаласындағы
№60 мектеп-лицейдің
11-сынып оқушысы

ДҮЙСЕНБІ

15 МАМЫР

06:00 Әнұран
06:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-жеруен»
7:00 «ТАНШОЛПАН»
10:00 AQPAPAT
10:10 «Махаббат тұтқыны». Телехиқая.



05:00 МЕҒАХИТ.
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯНИ»
10:00 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТИ ЕҢБЕКТЕ»
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.



06:00 «Кішкентай келін» телехиқаясы
07:00 «Маша и медведь» мультфильм
09:00 «Практика» телесериал



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:20 Телехиқая «Қыз қиялы» (каз.)



07:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07:30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ»
08:00 «ЖАЛА МЕН ЖАУЫЗДЫҚ»



06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
07:00 «Күліп АЛ»
08:00 «31 әзіл»
09:00 «Жапырақтар төгілгенде»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:10 Т/п «Ұлы дала жанұясы»
07:30 Т/п «Айна Online»
08:00 Jaidarman



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:20 Телехиқая «Қыз қиялы» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

16 МАМЫР

06:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPAPAT
7:00 «ТАНШОЛПАН».



05:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «С МЕНЯ ХВАТИТ»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯНИ»
10:00 «НА ИСПОЛНЕНИИ»
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.




06:00 «Кішкентай келін» телехиқаясы
07:00 «Маша и медведь» мультфильм
09:00 «Практика» телесериал




06:00 «КЕШКИ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»




07:05 КЕШКИ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07:30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ»
08:00 «ЖАЛА МЕН ЖАУЫЗДЫҚ»




06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:10 Т/п «Ұлы дала жанұясы»
07:30 Т/п «Айна Online»
08:00 Jaidarman



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:10 Т/п «Ұлы дала жанұясы»
07:30 Т/п «Айна Online»
08:00 Jaidarman



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:20 Телехиқая «Қыз қиялы» (каз.)




09:40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
09:50 Сериал «СЕСТРУХА»
10:20 «СОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ РАБОТЫ»

СӘРСЕНБІ


17 МАМЫР



05:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ЗОЯ»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯНИ!»
10:00 «В ФОКУСЕ»
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
06:30 WHAT'S UP?
07:00 ИНФОРМБЮРО (ПОВТОР)




05:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «МАГОМАЕВ»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯНИ!»
10:00 «В ФОКУСЕ»
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.




06:00 «КІШКЕНТАЙ КЕЛІН»
07:00 «МАША И МЕДВЕДЬ»
09:00 «ПРАКТИКА» ТЕЛЕСЕРИАЛ
10:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» ТЕЛЕХИҚАЯСЫ



06:00 «КЕШКИ КЕЗДЕСУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07:05 КЕШКИ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)
07:30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ»
08:00 «ЖАЛА МЕН ЖАУЫЗДЫҚ»



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
06:30 WHAT'S UP?
07:00 ИНФОРМБЮРО (ПОВТОР)
08:00 «31 ӘЗІЛ»



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
06:30 WHAT'S UP?
07:00 ИНФОРМБЮРО (ПОВТОР)
08:00 «31 ӘЗІЛ»




06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:10 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»
07:30 Т/п «Айна Online»
08:00 Jaidarman

21:30 Т/п «Шырғалаң тағдыр»
22:30 Т/п «Қанатсыз құстар»
23:30 Т/п «Ата-ана. Бала-шаға»
00:00 Т/п «Айна Online»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08:20 Телехиқая «Қыз қиялы» (каз.)




11:30 Шоу «ТАКСИ»
12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16:00 Телехиқая «СҮЙКІТІМ» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

18 МАМЫР




6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPAPAT
7:00 «ТАНШОЛПАН».



05:00 Телесериал. «Зоя»
07:00 Тікелей эфирде «Ояни»



07:00 «Маша и медведь» мультфильм
09:00 «Практика» телесериал
10:00 «Қара шаңырақ» телехиқаясы



06:00 «Кішкентай келін» телехиқаясы
07:00 «Маша и медведь» мультфильм
09:00 «Практика» телесериал

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫ

Бұл сурет 1962 жылдың қазан айында түсірілген. Целиноград қаласының көшесінде ол кезде жүгіруден жарыс өткізу қалыпты жағдай, дәстүрлі дағдыға айналғанғанды еді.



Сурет авторы Нұрмұқанғали ИМАМОВ

Өйткені жүгірудің адам ағзасына қаншалықты пайдалы екені туралы кеңес заманында көп айтылатын, баспасөз бетінде кеңінен насихатталатын. Әсіресе Тың өлкесіндегі Целиноград қаласында спорттың осы түріне аса маңыз берілетін.

Суретте сол кездегі орталық көшенің бірі – Карл Маркс (Кенесары) көшесі бойындағы жүгіру жарысынан көрініс.



АРДАГЕРЛЕР МЕН ЖАСТАР КЕЗДЕСТІ

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету арқылы жастардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру – басты міндет. Отаншылдық тәрбиеде әсіресе Ұлы Отан соғысында ерлік көрсетіп, жеңіске үлес қосқан әке-аталардың ролі айрықша.



Осы мақсатта Жеңістің 78 жылдығына орай елордадағы кәсіптік-техникалық колледжде «Жастарға патриоттық тәрбие

беру» тақырыбында салтанатты іс-шара өтті.

Есіл ауданы жастарына патриоттық тәрбие беру жөнін-

дегі комиссия ұйымдастырған іс-шараға қатысушылар арасында ауған соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлері Салман

Героев, Рысты Атығаева, Талғат Солтыбаев, Рафаил Аблаков және колледж студенттері болды.

Кездесуге келген жасөспірімдер ардагерлердің ғибратты да қызықты әңгімелерін ықыласпен тыңдады. Жиында сондай-ақ мерекелік концерт ұйымдастырылып, ардагерлерге сый-сияпат табысталды. Аға ұрпақ өкілдері ақыл-кеңесін айтты. Сондай-ақ патриоттық тақырыпта сұрақ-жауап викторинасы ұйымдастырылды.

Ең бастысы, ардагерлер мен жасөспірімдердің кездесуінде отандық патриотизмнің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқаны аңғарылды.

Жастарға патриоттық тәрбие беру ісіндегі жетекші рөл Астана қаласының ардагерлер ұйымдарына тиесілі. Ұйым жастардың рухани құндылықтарын қалыптастыруға, мәдени-тарихи дәстүрлер мен ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтауға бағытталған үлкен жұмыс жүргізуде.

Өрік ИМАНҒОЖИНА,
Есіл ауданының еңбек ардагері



ҰСТАЗДАР БАЙҚАУДА БАҚ СЫНАЙДЫ

Елімізде «Педагогикалық идеялар панорамасы-2023» республикалық конкурсы мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтары арасында өтеді.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында айтылғандай, педагогтар бейне түріндегі авторлық жұмысын 12 бағыттың бірі бойынша ұсына алады. Атап айтқанда, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу педагогтары үшін ерте сауаттылық, оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, цифрлық сауаттылық, медиа-ақпараттық сауаттылық, қаржылық сауаттылық, экологиялық сауаттылық, денсаулық сақтау сауаттылығы, әлеуметтік-эмоционалды сауаттылық, мәдениетаралық сауаттылық, азаматтық-құқықтық сауаттылық бағыттары бар.

Конкурсқа жеке немесе авторлық топпен қатысуға болады, топтағы қатысушылар саны 3 адамнан аспауы тиіс. Мұғалімдердің мына жұмыстары қабылданады: дәріс, сабақ, практикалық

немесе зертханалық жұмыс, семинар, мастер-класс, сандық білім беру ресурсы және бейнеподкаст. Жұмыстар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылуы мүмкін. Конкурс қатысушылары ұсынатын бейнематериалдардың саны шектелуі. Бір педагог немесе бір авторлық топ тек бір бағытқа қатысуға өтінім жібере алады. 12 бағыттың әрқайсысында бір I орын, екі II орын және үш III орын беріледі. YouTube-те ең көп қаралған бейнематериал үшін әр бағыт бойынша мадақтау сертификаты қарастырылған.

Конкурстың барлық марапаттау құжаты біліктілік санатын беру немесе растауда ескерілетіні туралы айта кеткен жөн. Конкурстың өңірлік кезеңіне қатысу өтінімдері ррi.orleu-edu.kz сайтында қазан айының 10-ына дейін қабылданады.

«БӘЙТЕРЕК» ТҮБІНДЕ ӘН САЛДЫ

Биыл 7 мамыр күні елорданың ашық алаңдары мен саябақтарында Отан қорғаушылар күніне орай концерттер өтті. Онда эстрада әртістері мен қаланың шығармашылық ұжымдары өнер көрсетті.

Мерекенің негізгі орны, әдеттегідей, «Бәйтерек» монументінің жанындағы алаң болды. Мұнда «Отаным – аманатым» концерттік бағдарламасы ұйымдастырылды. Концерттің негізгі мақсаты – жастарды патриотизмге баулу, белсенді азаматтық ұстанымды насихаттау, сондай-ақ, өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарды тәрбиелеу. Сахнада Қапау, «Заман» тобы, Дос, Аугея, Еркеш Хасен, Ғаділбек Жанай, Ибрагим Ескендір және өзге де отандық эстрада жұлдыздары өнер көрсетті. Шақырылғандардың қатарында ҚР айрықша мақсаттағы күштердің мемлекеттік қүзет қызметінің сарбаздары, ҚР Қарулы Күштері Ұлттық әске-

ри-патриоттық орталығының және орталық әскери үрлемелі оркестрдің өкілдері болды.

Концерт Студенттік саябақта да жалғасты. Мәдени-бұқаралық іс-шара елордалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен өтті. Мұнда талантты студенттер өнер көрсетіп, көрермендерге өз шығармашылығын ұсынды. Сондай-ақ түрлі ойындар, конкурстар өткізілді. Мерекелік концерттер Open Air халықаралық ЭКСПО көрмесінің аумағында да өтті. Оны Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры ұйымдастырды.

Сонымен қатар Үркер елді мекенінде Отан қорғаушылар күніне арналған концерт өтті. Іс-шараға елордалық Ұлттық



гвардия жедел бригадасы әскери оркестрінің тұрғын алабында орналасқан сарбаздары да қатысты. Концерттік бағдарламадан басқа, мұнда дала асханасы

ұйымдастырылды, онда қонақтарға әскерді еске салатын арнайы әзірленген ботқа берілді. Оқушылар да мерекені ұйымдастыруға өз үлесін қосты.

ҮЙ-ЖАЙЛАР (ПӘТЕРЛЕР) ИЕЛЕРІ КООПЕРАТИВІН ТАРАТУ ТӘРТІБІ

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47-бабына сәйкес, үй-жайлар (пәтерлер) иелері кооперативінің жоғары органы кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативін тарату туралы шешімді қабылдау кооператив мүшелері жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатады.

Занды тұлғаны ерікті түрде тарату тәртібі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 50-бабымен көзделген. Бұл тіркеу процедурасы үшін қажетті құжаттар тізімі «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы заңының 16-бабымен реттелген, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша занды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш; занды тұлға мүлкінің меншік иесінің ұйым болып табылатын занды берген органның не бұған құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген занды тұлға органының занды тұлға мөрмен бекемделген шешім; занды тұлғаның таратылуы, кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын



мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланғанын растайтын құжат; занды тұлғаның мөрін жою туралы құжат; коммерциялық емес ұйым болып табылатын занды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Осылайша, кооперативті тарату үшін бірінші кезекте ПИК мүшелерінің жалпы жиналысымен шешім қабылдау қажет. Содан кейін занды тұлға бұл туралы әділет органына, тіркел-

ген жеріндегі мемлекеттік кіріс органына дереу жазбаша түрде немесе электрондық-цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, интернет-ресурс арқылы хабарлауға міндетті.

Занды тұлғаны таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш тіркеуші органға занды тұлғаның таратылғаны туралы ақпарат жарияланған күннен бастап кемінде екі ай өткен соң ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020

жылғы 29 мамырдағы №66 бұйрығымен бекітілген «Занды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес, бұл қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы немесе «egov» порталы арқылы көрсетіледі.

Егер құжаттарды тексеру процесінде тарату тәртібінің бұзылуы анықталмаса, тіркеуші орган занды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш қажетті құжаттарымен қоса берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде занды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркейді және ол туралы бұйрық шығарады.

Занды тұлға өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

Тіркеу процедуралары туралы сұрақтар пайда болған жағдайда, Астана қаласының Әділет департаментіне 8-7172-32-37-08 телефон нөмірі арқылы хабарласуыңызға болады.

Шолпан МЫРЗАБАЕВА,
Астана қаласы Әділет департаментінің коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы

Астана қаласы әкімдігінің «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені» МКҚК басшысы бос лауазымына орналасуға конкурс

«Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны басшысының бос лауазымына конкурс жариялайды. Лауазымдық жалақысы – 173 722 теңге

Конкурстың өткізілетін орны: «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 709-кабинет, анықтама телефондары: 8 (7172) 55-75-69, 8 (7172) 55-75-63, электрондық поштанасы мекенжайы: ns_sport@astana.kz

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 15 (он бес) күнтізбелік күн. Құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: * кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

Лауазымдық міндеттері: * қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің өкілшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;

* ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды;

* спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді;

* педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды;

* барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады;

* лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады;

* қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

* тиісті саланың уәкілетті ор-

гандарына ұйымның өкілшілік-шаруашылық қызметтерінің есебін ұсынады;

* ұйымның бірыңғай жинақ-таушы зейнетақы қоры, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерін, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді;

* сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

Біліу тиіс: * Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

* «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

* педагогика, психология және физиология негіздері;

* еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурсқа мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған немесе жұмыс орнынан кадр қызметімен куәландырылған көшірмесі;

6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сотқа тартылуы жоқ екені туралы анықтамасы;

7) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, 3x4 сурет (2 дана).

«ЖАНЫМДЫ ТЕРБЕТКЕН ӘУЕН»

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық хоры қазақ композиторларының шығармашылығына және халық ән мұрасына негізделген «Жанымды тербеткен әуен» атты жаңа бағдарламаны көрерменге ұсынды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Астана Опера» театрының Күләш Байсейітова атындағы камералық залында өткен

концерттік бағдарлама бірнеше жыл бұрын үлкен сахнада қойылған болатын. Бұл жолы бағдарламаға өңдеуші Ерболат Абылаймен осы жобаға арнайы өңделген жаңа туындылар

енгізілді. Камералық хордың көркемдік жетекшісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Гүлмира Құттыбадамованың айтуынша, концерттің идеясы – көңіл түкпірінен шығатын,

жүректі тебіртетін ретро әндерді, ата-анамыздың жастық шағы, балалық шағымыз, халқымыз шырқайтын әндерді еске алу.

Кеш бағдарламасында ХХ ғасырдың хит әндеріне айналған Т.Ізтаевтың «Нұрикамал», Н.Тілендиевтің «Күә бол», И.Жақановтың «Жайлау көл кештері», М.Омаровтың «Анашым», Ә.Бейсейітовтің «Мұңайма» және «Ауылым», Шәмші Қалдаяқов әндерінен және «Дос-Мұқасан» ансамблінің репертуарынан попури, А.Зацепиннің «Мама», «Гүл Алматы» әндерінің хор өңдеулері алғаш рет орындалды.

Отандық хор музыкасы – камералық хор бағдарламаларының басым бөлігі.

Камералық хор – халықаралық байқаулардың жеңімпазы және Латвия, Венгрия, Қытай, Португалия, Австрия, Түркиядағы халықаралық фестивальдердің қатысушысы. Камералық хордың бас хормейстері – Данара Ташатова, концертмейстер – Гүлден Базыкен.



ТҮРЛІ ТҮСТІ ӘЛЕМ

Ұлттық музейде ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, туындылары тек елімізде ғана емес, шетелде де танымал суретші Алпысбай Қазығұловтың шығармашылығына арналған дөңгелек үстел өткізіліп, көрме ұйымдастырылды.



Дөңгелек үстел барысында суретші Жеңіс Кәкенұлы «Алпысбай Қазығұловтың аты аталса, түрлі түстердің жұмбақ үйлесімінің кітін тапқан шебер, ешкімге ұқсамайтын сирек шығармашылық иесі көз алдымызға келеді. Осындай көзқарас арқылы адамға рахат сезімін сыйлап, тәнті ету қашанда өз бағасын алады деп ойлаймын» деп суретшінің асқан шеберлігін атап өтті.

«Жаңашылдық және авторлық әдістің бірегейлігі» атты дөңгелек үстелде қазақ бейнелеу өнерінің бүгінгі ахуалы, еліміздегі арт-нарықтың қалыптасуындағы өзекті мәселелер талқыланды. Сонымен қатар Алпысбай Қазығұлов шығармашылық жолындағы қызықты кездерді есіне алып, естеліктерімен бөлісті. Отырыс көрменің ашылуымен жалғасын тапты.

«Сонау Отпан таудан Алтайға, Алатаудан Арқаға дейінгі қазақ даласын, бүкіл философиясын, оның тұрмыс-тіршілігін, дала

мәдениетін халқына осы қылқалам арқылы жеткізіп келген Алпысбай Қазығұлов ағамыздың көрмесі құтты болсын! Шығармашылығыңызға толағай табыс тілейміз, еліміздің мәдениетін дамыту жолындағы еңбегіңіз жана берсін» деп Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов өз сәлемдемесін жеткізді.

Өмірінің 45 жылын бейнелеу өнеріне арнаған суретшінің қайталанбас еңбектерін тізбектей келе, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, сенатор Нұрғәлі Жүсіп: «Алпысбай Қазығұлов бейнелеу өнері арқылы адамзаттың жан әлеміне үлкен мұра сыйлап жатқанына біз қуаміз. Сондықтан қиялыңыз, қаламыңыз талмасын» деп сөзін аяқтады.

«Көктемгі самғау» – қылқалам шеберінің дара көрмесі. Алпысбай Қазығұловтың туындылары табиғаттың көзге көрінбес тылсымын сыр шерте отырып, келушілердің көңіл күйді айшықтайтын, жан дүниесіне үңіле ерекше сезімге бөлейтіні анық.

ТАҢДАЙ ҚАҚТЫРҒАН ТАЛАНТТАР

Мереке күндері «Астана Опера» театрында атақты Джоаккино Россинидің «Севиль шаштаразы» атты әйгілі операсының көрсетілімі өтті.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Талғампаз көрерменнің таңдайын қақтырған Астана сахнасындағы көңілді қойылымға маэстро Руслан Баймурзин дирижерлік етті. Мереке күндері үлкен зал сахнасында дарынды вокалистер, театрдың майталман солистерімен қатар, «Астана Опера» халықаралық опера академиясының болашағына үміт күттіретін шәкірттері көрермендер алдында дебют жасап, өз өнерін ортаға салды.

Спектакльдерге «Астана Опера» театрының оркестрі, хоры, мимансы және опера солистері қатысты. Қойылымның музыкалық жетекшісі – театрдың бас дирижері, әлемге әйгілі маэстро Алан Бөрбаев, бас хормейстері – Ержан Дәуітов.



«BINOM» БАС ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Астана қаласындағы «BINOM» мектептері желісі аясында «B-FEST» фестивалінің «B-ART» бағыты бойынша жас өнерпаздардың мюзикл қойылымдары жұртшылық назарына ұсынылды. Бұл іс-шара елордадағы Музыкалық жас көрермен театрында өтті.

«BINOM» мектептері арасында ғылым, білім, өнер, спорт бағыты бойынша осындай байқаулар ұйымдастырылып тұрады. Енді шәкірттер мюзикл жанры бойынша бақ сынады. Алты білім ұясының 8-11-сынып оқушылары екі ай бойы дайындық жұмысын жүргізіп, мәні мен мазмұны бір-біріне ұқсамайтын бірнеше қойылымды сахнаға шығарды.

Қадыр Мырза Әлі атындағы «BINOM» мектеп-лицейі оқушылары «Қыз Жібек» эпосын жаңа сипатта сахналады. Оқушылар Төлеген мен Қыз Жібектің ариясын жанды дауыста

орындады. Төлеген бейнесін Мансұр Жәкенов, Жібектің рөлін Ясмин Сүлейменова сомдады. Ұлықбек Кәрімов Бекежанның рөлін толыққанды аша білді. Ал Әсел Нұғымат болса Жібектің құрбысы Дүрияның кескін-келбетін келтіре білді. Устаздары да белсенді қатысты. Айталық, Төлегеннің анасы Қамқа рөлін сынып жетекшісі Гүлшат Шалжанова орындады. Ал Шега рөлінде тағы бір ұстаз Рақымжан Ералы болды. Жас дарын иелеріне Музыкалық жас көрермен театры жан-жақты қолдау көрсетті. Қоюшы-режиссері – Оразалы Игілік.

Әр қойылым 45-50 минутқа созылды. Әділқазылар құрамында белгілі өнер қайраткерлері мен режиссерлер болды. Таңмен басталған шара кешке аяқталып, қазылар алқасының шешімі шығарылды. Осы «Театрландырылған қойылым, мюзикл» номинациясында Қадыр Мырза Әлі атындағы «BINOM» мектеп-лицейі оқушылары бас жүлдеге ие болды.

Айбатыр САМИҒОЛЛАҰЛЫ,
журналист

